

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 7 шілдедегі
№ 1348 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2025 жылғы
ЕСЕБІ**

Астана, 2026 жыл

Мазмұны

ЖЫЛДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫСЫ.....	4
ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ МИССИЯСЫНА, МІНДЕТТЕРІ МЕН	
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫНА ШОЛУ	5
1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ ЖӘНЕ МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ	6
1.1. Жаһандық экономикалық үрдістер	6
1.2. Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай	7
1.2.1. Экономиканың ағымдағы жай-күйі және түйінді индикаторлары	7
1.2.2. Инфляциялық процестер және олардың қалыптасу факторлары	8
1.2.3. Фискалдық саясат және оның инфляциялық ортаға әсері	10
1.2.4. Сыртқы сауда және төлем балансы	11
1.3. Негізгі мақсат: баға тұрақтылығын қамтамасыз ету	12
1.3.1. Ақша-кредит саясаты	12
1.3.2. Трансмиссиялық тетік және АКС-ның экономикаға әсерін бағалау	14
1.4. Қаржылық тұрақтылық: шолу және шаралар	18
2. БАНКТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	20
2.1. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару	20
2.2. Ұлттық қордың активтерін басқару	21
2.3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін	
басқару.....	23
2.4. Қаржылық тәуекелдерді басқару.....	24
2.5. Қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру	25
2.5.1. Қолма-қол ақшаның эмиссиясы және айналысы	25
2.5.2. Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарының сараптамасы.....	25
2.5.3. Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген	
алтынның өлшеуіш құймалары	26
2.6. Валюталық реттеу және валюталық бақылау	26
2.6.1. Валюталық реттеу және валюталық операциялардың мониторингі. 26	
2.6.2. Қолма-қол шетел валютасымен операцияларды бақылау	27
3. ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ	
АКТИВТЕР ИНДУСТРИЯСЫ	29
3.1. Төлем жүйелері	29
3.2. Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы	30
3.3. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы (ҰЦҚИ).....	32
3.4. Крипто-фиаттық инфрақұрылым	33
3.5. Ұлттық Банктің реттеу ортасы	34
4. ҚЫЗМЕТТІ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН	
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	35
4.1. Статистикалық қызмет	35
4.2. Халықаралық ынтымақтастық.....	37

4.3. Зерттеу қызметі	39
4.4. Коммуникациялық саясат	41
5. ҰЛТТЫҚ БАНКТІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ	
ЦИФРЛАНДЫРУ	42
5.1. Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымы және басқару органдары.....	42
5.2. Адам капиталын дамыту	45
5.3. Ұлттық Банктің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар инфрақұрылымын цифрландыру, жасанды интеллектіні ендіру және дамыту	46
5.4. Деректерді қорғауды және корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	47
5.5. Операциялық тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау.....	48
5.6. Ішкі аудит.....	49
ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ГЛОССАРИЙІ	51

ЖЫЛДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Өткен 2025 жыл Ұлттық Банк үшін әрбір қазақстандықтың әл-ауқатына қамқорлық жасауды талап еткен жаңа сын-қатерлер мен күрделі шешімдер кезеңі болды. Біз елеулі инфляциялық қысым мен әлемдік нарықтағы тұрақсыздық жағдайында жұмыс істедік. Мұндай жағдайда өзгерістерге жай ғана ден қоюмен шектелмей, экономикалық орнықтылықты сақтауға және азаматтардың жинақ ақшасын қолдауға мүмкіндік беретін саралы саясат жүргізу біздің басты міндетіміз болды. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету – бұл жай ғана біздің мандатымыз емес, бұл отандастарымыздың әл-ауқатының негізі болып саналатын мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі.

Бағаның өсуін тоқтату және қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін біз жыл бойы туындаған сын-қатерлерге ден қойып, базалық мөлшерлеме бойынша жедел шешімдер қабылдадық және шамадан тыс тұтынушылық сұранысты бәсеңдету үшін өтімділікті басқару құралдарын ендірідік. Алтын-валюта резервтерін толықтыру кезінде біздің ішкі операцияларымыз экономикаға қосымша проинфляциялық тәуекелдер туындатпау үшін «монетарлық бейтараптық» қағидаты ендірілді.

Сонымен қатар біз қаржы нарығының заманауи және қолжетімді болуы үшін белсенді жұмыс істедік. Ақша нарығының құралдары жетілдіріліп, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы дамыды, бұл жайт инвесторларды, оның ішінде шетелден де инвесторларды тартуға мүмкіндік берді. Осы үдерістердің барлығы Үкіметпен тығыз үйлесімде жүрді: біз макроэкономикалық және борыштық саясат мәселелері бойынша мемлекеттік жүйенің біртұтас, үйлесімді тетік ретінде жұмыс істеуі үшін күш-жігерімізді біріктірдік.

2025 жылы Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының (ҰЦҚИ) негізгі компоненттерінің құқықтық мәртебесін, қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл шарттарын бекіте отырып, оны одан әрі дамыту үшін құқықтық негіз құрылды, ұлттық валютаның жаңа нысаны – цифрлық теңге енгізілді. Осылайша, ҰЦҚИ-ды белсенді түрде ендіру және елдің қаржы нарығында оның инфрақұрылымдық сервистерін кеңейту жұмыстары жалғасуда, бұл жайт Қазақстанның төлем егемендігін нығайтуға, банкаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға және халықтың, бизнес пен мемлекеттің мүддесінде инновациялық қаржы сервистерін дамытуға септігін тигізеді.

Елімізде алғаш рет цифрлық активтер индустриясын кешенді заңнамалық реттеу енгізілді, оған цифрлық активтердің түрлерін (жіктелуін) анықтау, цифрлық активтердің ұлттық инфрақұрылымын құру және жұмыс істеу талаптары, сондай-ақ қызмет көрсетуші провайдерлердің қызметін ұйымдастыру және цифрлық активтерді қолдану салаларын реттеу кіреді. Жаңа орта инновациялық цифрлық қаржы құралдарын дамытуды және қаржылық тұрақтылық пен пайдаланушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ете отырып, айқын крипто-айналымды қалыптастыруды ынталандырады.

2025 жыл заманауи, технологиялық және цифрлық Ұлттық Банкті құруға арналған стратегиялық бағытты іске асыруда маңызды кезең болды. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, қаржы реттеушілерінің цифрлық трансформациялануы үшін берік негіз қаланды: деректерді басқару, АКТ-инфрақұрылымын жаңғырту, платформалық шешімдерді дамыту және жасанды интеллектіні ендіру саласындағы негізгі жобалар іске қосылды. Қол жеткізілген нәтижелер Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, деректер сапасын арттыруға, процестерді оңтайландыруға және елдің талдамалық және технологиялық әлеуетін нығайтуға бағытталған тиімді цифрлық экожүйені дәйекті түрде қалыптастыратынын дәлелдеп отыр.

Біз қаржы секторының сенімді болуына ерекше назар аудардық. Ұлттық Банк мемлекеттік органдармен бірлесіп, жүйелік тәуекелдерді төмендету шараларын ендірді. Басқарылатын режимде халықтың шамадан тыс қарыз алуына жол бермеу және қаржы жүйесінің күтпеген өзгерістерге мейлінше орнықты болуы үшін жеке кредиттеудің өсу қарқыны баяулады.

Қабылданған шаралар нәтиже берді: 2025 жылдың соңына қарай инфляциялық процестер баяулады. Біз орта мерзімді келешекте бағаның бұдан да сенімді түрде тұрақтануы үшін барлық жағдайды жасадық.

Ұлттық Банк өз бағытын қатаң ұстануды жалғастыра береді. Біздің мақсатымыз – өмір сүру мен бизнес үшін болжамды, түсінікті жағдайлар жасай отырып, жүргізіліп жатқан саясатқа, ұлттық валютаға және отандық қаржы жүйесіне деген сенімді нығайту. Біз еліміздің экономикасын орнықты және теңгерімді дамыту үшін жұмыс істейміз.

ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ МИССИЯСЫНА, МІНДЕТТЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫНА ШОЛУ

Ұлттық Банк – Қазақстанның екі деңгейлі банк жүйесінің жоғары деңгейін білдіретін елдің орталық банкі. Оның қызметі Конституциямен және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңмен, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерімен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ұлттық Банк негізгі мақсатын іске асыру үшін инфляциялық таргеттеу режимі шеңберінде ақша-кредит саясатын әзірлейді және іске асырады. Ақша-кредит саясатының мақсаты – жылдық инфляцияны орта мерзімді кезеңде 5%-ға жуық деңгейде ұстап тұру.

Негізгі мақсатқа жету үшін Ұлттық Банкке мынадай міндеттер де жүктеледі:

- ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыру.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ ЖӘНЕ МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ

1.1. Жаһандық экономикалық үрдістер

2025 жылы әлемдік экономика сауда-экономикалық шиеленістің күшеюіне және жаһандық белгісіздік жағдайының сақталуына қарамастан, алдыңғы жылдың қарқынын сақтай отырып, 3,3%¹ деңгейінде орнықты өсуді көрсетті. АҚШ тарапынан жаңа тарифтік шектеулердің енгізілуін, жаһандық жеткізу тізбегінің қайта құрылуын, қаржылық шарттардың жеңілдетілуін, сондай-ақ инфрақұрылымға және жасанды интеллектіні дамытуға инвестициялардың жандануын күтудің салдарынан әлемдік сауданың уақытынан бұрын кеңеюі өсімге қолдау жасады.

Тұтынушылық сұраныстың әлсіреуі және сауда теңгерімінің уақытша нашарлауы аясында, оның ішінде импорттың уақытынан бұрын сатып алынуы салдарынан АҚШ-та экономиканың өсуі 2024 жылғы 2,8%-дан 2,1%-ға дейін бәсеңдеді. Еуро аймағы² экспорттың өсуі мен ішкі сұраныстың мейлінше орнықтылығы арқасында екі жылдық әлсіз өсуден кейін 1,4%-ға дейін жеделдеді (2024 жылы – 0,9%). Бюджеттік қолдау және күшті экспорт кезіндегі Қытай экономикасының өсуі сол 5,0% деңгейінде қалды. Ресей экономикасы сұраныстың қалыпқа келуі және экономиканың өсу қарқынының бәсеңдеуі жағдайында бір жыл бұрынғы 4,3%-бен салыстырғанда 0,6%-ға дейін баяулады.

Жаһандық инфляция 2024 жылғы 5,8%-дан 2025 жылы 4,1%-ға дейін бәсеңдеді, дегенмен көптеген елдерде таргеттен жоғары болып қалып отыр. АҚШ-та инфляция 2025 жылғы желтоқсанда 2,7% (2024 жылғы желтоқсан – 2,9%)³ болды. Еуропалық одақта еңбек нарығындағы шиеленістің бәсеңдеуі және еуроның АҚШ долларына қатысты нығаюы аясында инфляция 2,3%-ға дейін бәсеңдеді (2024 жылы – 2,7%). Қытайда жылдың көп бөлігі бойы әлсіз тұтынушылық сұраныс аясында дефляциялық процестер сақталды (2025 жылғы желтоқсанда инфляция 0,8% болды). Ресейде азық-түлік бағасы өсуінің баяулауы, сондай-ақ рубльдің нығаюы салдарынан инфляция 2024 жылғы желтоқсандағы 9,5%-дан 2025 жылғы желтоқсанда 5,6%-ға дейін төмендеді.

Инфляцияның біртіндеп төмендеуі аясында АҚШ Федералды резервтік жүйесі негізгі мөлшерлемені жылдық 3,75%-ға дейін⁴, Еуропалық орталық банк – жылдық 2,15%-ға дейін, Ресей – жылдық 16,0%-ға дейін төмендетті.

Жалпы алғанда, 2025 жылы Қазақстан экономикасына сыртқы факторлардың әсері негізінен теріс сипатта болды. Азық-түлікке, ең алдымен ет пен өсімдік майына әлемдік бағаның айтарлықтай өсуі қысымды

¹ ЖІӨ бойынша нақты деректер мен болжамдар, жаһандық инфляция – «World Economic Outlook» есебінде жарияланған ХВҚ деректері, қаңтар 2026;

² Еуро аймағы ЖІӨ-нің шамамен 85%-ын құрайтын алты экономика (Франция, Германия, Ирландия, Италия, Нидерланды және Испания) бойынша деректерге негізделген;

³ Инфляция бойынша нақты деректер – елдердің статистикалық агенттіктері;

⁴ Негізгі мөлшерлемелер бойынша нақты деректер – орталық банктердің сайттары.

қалыптастырды, бұл ішкі бағаға теріс әсер етті. Проинфляциялық қысым Ресей тарапынан да күшейе түсті, онда тұтыну бағасы ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде сақталды, ал рубль бағамы мейлінше мықты болып қалды.

1.2. Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай

1.2.1. Экономиканың ағымдағы жай-күйі және түйінді индикаторлары


2025 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы тауарлар өндірісі мен қызметтердің кеңеюі аясында алдыңғы жылмен салыстырғанда өсу қарқынының жеделдегенін көрсетті (1-сурет). Инвестициялық белсенділік пен инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы арқылы қолдау жасалған өңдеу өнеркәсібіндегі шығарылымның ұлғаюымен өнеркәсіптің өсуі қамтамасыз етілді. «Теңіз» кен орнында мұнай өндірудің ұлғаюы есебінен мұнай секторы елеулі түрде экономикалық өсімге үлес қосты, бұл да сауда мен көлікті жандандыруға ықпал етті. Ішкі сұраныс және логистикалық инфрақұрылымның дамуы қолдау жасап отырған құрылыс пен көрсетілетін қызметтер секторында өсудің жоғары қарқыны сақталды.

Түпкілікті пайдалану тұрғысынан 2025 жылы орнықты жұмыспен қамту және көрсетілетін қызметтер секторының кеңеюі арқылы қолдау көрсетілетін тұтынушылық сұраныс экономикалық өсімнің негізгі драйвері болып қалды. Инвестициялық қызметтің жандануы аясында жалпы ішкі өнім динамикасына жалпы жинақтау да елеулі үлес қосты. Импорттың өсуі ішкі сұраныстың жоғары динамикасын көрсетті, ал экспорт бірқалыпты ұлғаюды көрсетті. Бөлшек сауда орнықты оң динамиканы сақтап қалды, бұл ретте негізінен азық-түлікке жатпайтын тауарлар сегменті арқылы өсу қамтамасыз етілді, ал қоғамдық тамақтандыру қызметтері саласының жоғары қарқыны жоғары тұтынушылық белсенділіктің сақталуын көрсетті. Сонымен бірге инфляциялық қысым халықтың нақты табысының өсуін шектеп, пруденциялық шаралар кешені тұтынушылық кредиттеудің баяулауына ықпал етті, ал ипотекалық кредиттеу тұрғын үй нарығындағы сұранысты қолдады.

2025 жылы инвестициялық белсенділік мемлекеттік инфрақұрылымдық бағдарламаларды іске асыру, тұрғын үй құрылысының өсуі және жеке салымдардың ұлғаюы аясында айтарлықтай кеңейді. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымға, өңдеу өнеркәсібіне, көлік пен қоймада сақтауға салынған инвестициялар негізгі үлесті қамтамасыз етті. Бұл ретте тау-кен өндіру секторында бірқалыпты динамика сақталды (2-сурет).

Жұмыспен қамтудың жоғары және жұмыссыздықтың төмен деңгейімен сипаттала отырып, еңбек нарығындағы ахуал орнықты болды. Жұмыспен қамтудың өсуі негізінен жалдамалы қызметкерлер санының ұлғаюы арқылы қамтамасыз етілді.

1-сурет. Нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны, жылдан жылға %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2-сурет. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, жылдан жылға %-бен



* мемлекеттік бюджеттен бөлінген инвестицияларды қоспағанда, шикізатқа жатпайтын сектордың негізгі капиталына салынған инвестициялар

1.2.2. Инфляциялық процестер және олардың қалыптасу факторлары

Жылдық инфляция 2024 жылғы желтоқсандағы 8,6%-дан 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ға дейін жеделдеді. Қаңтардан бастап қыркүйекке дейін инфляция біртіндеп жеделдеп, 12,9%-дық ең жоғары мәнге жетті, одан кейін Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларын іске асыру жағдайында және ақша-кредит шарттарының қатаңдауы аясында IV тоқсанда бәсеңдей бастады (3-сурет).



Азық-түлік инфляциясы 2024 жылдың соңындағы 5,5%-дан 2025 жылғы желтоқсанда 13,5%-ға дейін жеделдеді. Аталған жеделдеу өндірушілер шығасыларының өсуіне, жоғары әлемдік бағалардың сақталуына, сондай-ақ импорттық бағалардың өсуіне алып келді, атап айтқанда Ресей рублі бағамының нығаюы аясында орын алды. Жекелеген азық-түлік тауарларының көлемді экспорты ішкі бағаларға қосымша қысым көрсетті.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция жанар-жағармай материалдары нарығын ырықтандыру, орнықты тұтынушылық сұраныс және фискалдық ынталандыру аясында 2024 жылдың соңындағы 8,3%-дан 2025 жылғы қарашада 11,2%-ға дейін жеделдеді. 2025 жылғы IV тоқсанда азық-түлікке жатпайтын инфляцияның өсу қарқыны АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасының өсуіне мораторий енгізу салдарынан, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы аясында баяулады. Нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша азық-түлікке жатпайтын инфляция 11,1%-ды құрады.


Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы 2024 жылдың соңындағы 13,3%-дан 2025 жылғы қыркүйекте 15,3%-ға дейін жеделдеді. Аталған жеделдеу орнықты сұраныс пен жалпы инфляциялық қысым жағдайында нарықтық көрсетілетін қызметтерге бағаның өсуіне, сондай-ақ «Тарифті инвестицияға

айырбастау» бағдарламасын іске асыруға байланысты болды, оның шеңберінде саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және негізгі құралдарды жаңарту мақсатында реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтері көтерілді. 2025 жылғы IV тоқсанда сервистік инфляцияның өсу қарқыны реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеруге мораторий енгізу аясында баяулай бастады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша сервистік инфляция 12% болды.

Базалық инфляция⁵ 2025 жыл ішінде жоғары деңгейде сақталды (4-сурет). Бұл ретте бағаның едәуір үдеуінің екі кезеңі – 2025 жылғы ақпан және қыркүйек айлары айрықша ерекшеленеді. Бірінші жағдайда базалық инфляцияның өсуі салық реформасын және ТКҚ нарығында бағаны реттеу реформаларын жариялау аясында азық-түлік тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің қымбаттауына, екінші жағдайда – азық-түлікке жатпайтын тауарлардың қымбаттауына байланысты болды. Жыл соңында қабылданған инфляцияға қарсы шаралардың әсерінен бұл көрсеткіш бәсеңдей бастады.



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ деректері негізіндегі ҚРҰБ есептеуі



Дереккөзі: «Fusion Lab» ЖШС, ҚР СЖРА ҰСБ пікіртерімдері

2025 жыл ішінде халықтың инфляциялық күтілу желтоқсанда 14,7%-ға дейін ұлғайып, құбылмалы және жоғары болып қалды (2024 жылғы желтоқсан – 14,6%, 5-сурет). Бағаның болашақта өсуінің негізгі факторларының ішінде респонденттер көбінесе азық-түлік өнімдерінің, сондай-ақ бензин мен дизель отынының қымбаттауын атап өтті. Жыл соңына қарай коммуналдық қызметтер бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы аясында оларды атау азайды. Бұл ретте теңгенің номиналды айырбастау бағамының нығаюы жағдайында бағам факторының маңыздылығы да төмендеді. Сонымен бірге, 2026 жылдың басында

⁵ Базалық және маусымдық факторды ескермегендегі инфляцияны бағалау К. Орловтың, И. Ержанның «Қазақстан үшін тұтыну бағаларының индексіне маусымдық түзету жүргізу ерекшеліктері» атты мақаласында сипатталған әдіснамаға негізделген, 2019. К. Орлов, А. Сейдахметов «Қазақстан үшін базалық инфляцияның әртүрлі бағалаулары», 2023.

ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілу ықтималдығымен байланысты халықтың алаңдаушылығы күшейе түсті. Проинфляциялық факторлардың басым болуы аясында халықтың бағалауы бойынша белгісіздік жағдайының жоғары деңгейі бұрынғысынша сақталды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан 12,3% деңгейіндегі инфляция «2025 жылғы қараша» болжамды раундының нәтижесі бойынша жарияланған 2025 жылғы 12-13% болжамды диапазонына сәйкес келеді. Бірқалыпты қатаң ақша-кредит саясатын қолдау орта мерзімді кезеңде инфляцияны төмендетуге және 5% деңгейінде тұрақтандыруға ықпал ететін болады.

1.2.3. Фискалдық саясат және оның инфляциялық ортаға әсері


Мемлекеттік бюджет кірістерінің өсуі 2024 жылы бәсеңдегеннен кейін 2025 жылы 10,1%-ға дейін жеделдеді. Ірілендірілген топтар арасында салық түсімдерінің үлесі барынша көп. Салық түсімдерінің өсуі 17,7% деңгейінде қалыптасты. Экономикалық белсенділіктің артуы аясында салықтардың құрылымындағы барлық ірі салықтың екі таңбалы өсуі байқалады. Сонымен бірге Ұлттық қордан берілетін трансферттердің 6 трлн теңгеден («Қазатомөнеркәсіп» АҚ акцияларын сатып алуды ескергенде) 5,3 трлн теңгеге дейін қысқаруы байқалады, бұл мұнайға жатпайтын кірістер үлесінің ұлғаюына әсер етті.

Сонымен қатар республикалық бюджетте 730 млрд теңге көлемінде салық түсімдерінің жеткіліксіз болуы байқалды. Ірі компаниялардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша және ішкі өндірістен алынатын қосылған құн салығы бойынша қаражаттың барынша көп жетіспеуі байқалды. Жетіспейтін салық түсімдері жергілікті бюджеттің кірістері және басқа да салыққа жатпайтын түсімдер бойынша жоспарлы көрсеткіштердің артық мөлшерде түсуі есебінен өтелді.

2025 жылы мемлекеттік бюджеттің шығындары 2024 жылмен салыстырғанда номиналды мәнде 10,3%-ға өсті. Шығын баптарының арасында ауыл және орман шаруашылығына арналған шығыстар – 25,7%-ға, мәдениет, спорт, туризм шығыстары – 22,6%-ға, борышқа қызмет көрсету – 19,2%-ға айтарлықтай өсті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет тапшылығы 4,4 трлн теңгені құрады, бұл ЖІӨ-нің 2,7%-ына сәйкес келеді, бұл ретте мұнайға жатпайтын тапшылық 11,4 трлн теңгеге немесе ЖІӨ-нің 7%-ына жетті (6-сурет).

6-сурет. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы



*ЖІӨ бойынша деректер ҚР ҰБ бағалауы

Мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің дезинфляциялық динамикасының жақсарғанына қарамастан, экономиканы ынталандыру да квазифискалдық тетіктер арқылы жүргізіледі. 2025 жылы квазифискалдық институттар, атап айтқанда «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ тарапынан экономиканы қаржыландыру арқылы қолдау көлемі тарихи тұрғыдан ең жоғары деңгейге жетті. Осы шараларды іске асыру экономикалық белсенділікті жеделдетуге және соның салдарынан экономикадағы жиынтық сұранысты кеңейтуге ықпал етеді, бұл проинфляциялық қысымның сақталуын қолдайды.

1.2.4. Сыртқы сауда және төлем балансы

2025 жылы Қазақстанның сыртқы саудасында оң сальдо сақталды. Сыртқы сауда айналымының ұлғаюы негізінен импорттың өсуімен қамтамасыз етілді, ал шикізатқа әлемдік бағаның құбылмалы болуы аясында экспорт бірқалыпты динамиканы көрсетті.

Әлемдік тауар нарықтарының құбылмалы болуы және жеткізілімдердің нақты көлемінің төмендеуі аясында тауарлар экспорты негізінен қара және түсті металдар, олардың кендері, сондай-ақ уран экспортының азаюы есебінен 1,2%-ға 77,3 млрд АҚШ долларына дейін қысқарды. Бір мезгілде ішкі сұраныс пен инвестициялық белсенділіктің өскенін көрсете отырып, іс жүзінде барлық тауар санаттары бойынша импорт 9%-ға 66,3 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Нәтижесінде сауда балансының профициті бір жыл бұрынғы 17,5 млрд АҚШ долларына қарағанда үштен бірге – 11,0 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді.

Аталған үрдістер төлем балансының жай-күйіне әсер етті. Ағымдағы шоттың тапшылығы 12,5 млрд АҚШ долларына дейін (2024 жылы – 6,8 млрд АҚШ доллары) тереңдеді, бұл импорттың уақытынан бұрын өсуі кезінде экспорттық түсімдердің қысқаруына байланысты болды. Тапшылықты қаржыландыру резиденттердің сыртқы активтері мен міндеттемелерінің өзгеруін қоса алғанда, қаржы шотының операциялары есебінен жүзеге асырылды. Бұл ретте халықаралық резервтік активтер (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) импорттың 9,8 айын өтеуді қамтамасыз ете отырып,


65,4 млрд АҚШ долларын құрады, бұл қысқа мерзімді сыртқы орнықтылықты қолдайды. Сыртқы қарыз 2025 жылдың соңында бір жыл бұрынғы 164,7 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 181,8 млрд АҚШ долларын құрады. ЖІӨ-ге қатысты алғанда, ол 60% деңгейінде қалып отыр. Өз кезегінде, мемлекеттік сектордың сыртқы қарызы ЖІӨ-нің шамамен 6%-ын немесе 18,6 млрд АҚШ долларын құрайды, бұл мемлекеттік сектордың төмен борыштық жүктемесін көрсетеді.

1.3. Негізгі мақсат: баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.3.1. Ақша-кредит саясаты

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – инфляция бойынша 5%-дық орта мерзімді таргетке қол жеткізу арқылы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл үшін Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстана отырып, ақша-кредит саясатын жүргізеді.

Ұлттық Банк инфляцияның өсуіне жауап ретінде 2025 жылғы наурызда базалық мөлшерлемені 1,25 пайыздық тармаққа – 16,5%-ға дейін, 2025 жылғы қазанда 1,5 пайыздық тармаққа – 18%-ға дейін көтерді. Бұл шешімдер инфляцияның үдеуін өзгертуге және жылдың соңында оны біртіндеп төмендетуге көшуге, нарыққа қатысушылардың инфляциялық күтімдеріндегі үрдістерді ауыстыруға мүмкіндік берді, бұл теңгедегі активтердің тартымдылығын қолдаудан, бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына (бұдан әрі – МБК) салымдарының өсуінен және айырбастау бағамының нығаюынан көрінді.



Ұлттық Банк пайыздық саясаттан басқа ең төмен резервтік талаптарды (бұдан әрі – ЕРТ) арттыру және алтын-валюта резервтеріндегі алтынды сатып алу операцияларын теңестіру арқылы артық өтімділікті реттеуге бағытталған қосымша шараларға бастамашы болды.

Атап айтқанда, 2025 жылы ЕРТ бойынша резервтеу базасын жетілдіруді (ЕРТ-де ескерілетін міндеттемелер нақтыланды), резервтік активтер құрылымындағы қолма-қол ақша кассасының үлесін төмендетуді және әлемдік



тәжірибені ескере отырып, нормативтерді мерзімділік бойынша теңестіруді көзделген өзгерістер енгізілді.

ЕРТ нормативтері кезең-кезеңімен ЕАЭО, Орталық Азия және Кавказ елдерімен салыстырылатын деңгейге келтіріледі (8 және 9-суреттер):

- 2025 жылғы қыркүйектен бастап: теңгедегі міндеттемелер бойынша – 3,5%, шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша – 10%;
- 2026 жылғы сәуірден бастап: теңгедегі міндеттемелер бойынша – 3,5%-дан 5%-ға дейін (міндеттемелер санатына қарай), шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша – 10%-дан 12%-ға немесе 15%-ға дейін (міндеттемелер санатына және банктер топтарына қарай⁶);
- 2026 жылғы қыркүйектен бастап: шетел валютасында 10%-дан 15%-ға дейін (міндеттемелер санатына қарай) артты.

Бұл өзгерістер ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Жаңа шарттардың қолданыла бастауымен ЕРТ көлемі орта есеппен 0,8 трлн теңгеден шамамен 2,8 трлн теңгеге дейін өсті, ақша нарығындағы артық өтімділік профициті орта есеппен 7,7 трлн теңгеден шамамен 6,0 трлн теңгеге дейін төмендеді. Бағалау бойынша үшінші кезеңде (2026 жылғы қыркүйек) ЕРТ арқылы алынатын өтімділік көлемі шамамен 4,0 трлн теңгені құрайды.

Өңір елдеріндегі нормативтерді салыстыру



Инфляция мен проинфляциялық факторлардың төмендеуіне, сондай-ақ тұтынушылық кредит беру қарқынын бәсеңдетуге арналған микро- және макропруденциялық сипаттағы шаралар кешені әсер етті.

Ұлттық Банк коммуникациялық саясаттың транспаренттілігін одан әрі арттыру мақсатында 2025 жылғы маусымнан бастап базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдау кезінде Ақша-кредит саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) мүшелерінің талқылауын ашып көрсететін жеке құжатты тұрақты

⁶ «Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі №118 қаулысы

түрде жариялауға кірісті. Талқылау тұжырымы – бұл шешім қабылдау кезінде Комитет мүшелері қараған негізгі дәлелдер мен факторлардың қысқаша мазмұны.


Ақша-кредит саясаты бойынша шешімдер қабылдау процесінің айқындылығын арттыру, сондай-ақ нарыққа қатысушылар мен қалың жұртшылықтың барынша негізделген күтімін қалыптастыру – жарияланымның мақсаты. Құжатты әзірлеу кезінде жетекші орталық банктердің тәжірибесі мен тәсілдері, сондай-ақ Халықаралық валюта қорының ұсынымдары ескерілді.

1.3.2. Трансмиссиялық тетік және АКС-ның экономикаға әсерін бағалау


2025 жылы Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын іске асыру пайыздық, кредиттік және валюталық арналар арқылы қаржы талаптарына жүйелі түрде өз әсерін тигізді. Экономикаға базалық мөлшерлеме белгілерінің берілуі дәйекті түрде жүргізілді және онда ақша нарығы, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, кредиттер мен депозиттер бойынша мөлшерлемелер, сондай-ақ айырбастау бағамының динамикасы қамтылды.

Пайыздық арна. 2025 жылы TONIA⁷ мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің артуына мөлшерлес шамада өсті және негізінен пайыздық дәліздің төменгі шегінде қалыптасты (10-сурет).

10-сурет. Базалық мөлшерлеме және TONIA, %-бен



11-сурет. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығы, %



МБҚ кірістілігінің тәуекелсіз қисығы 2025 жылы инфляциялық күтулердің, жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатының өзгерістерінің, сондай-ақ бюджеттің тапшылықты қаржыландыру үшін қарыз алу қажеттілігінің сақталуы әсерінен қалыптасты. Ақша-кредит саясатының неғұрлым күшті әсері кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді сегменттерінен байқалды (11-сурет).

2025 жылдың көп бөлігінде МБҚ кірістілігінің қисығы нарыққа қатысушылардың бұдан әрі инфляциялық қысымды төмендету және орта

⁷ Tenge OverNight Index Average


мерзімді перспективада ақша-кредит саясатын жеңілдету мүмкіндігі жөніндегі күтімдерін көрсете отырып, көбінесе инверттелген нысанын сақтады. 2025 жылғы қыркүйек-қазан айларында кірістілік қисығы кірістіліктің жоғары деңгейін сақтай отырып, желілік нысанға жақындады, бұл инфляция тәуекелдерінің бар екенін көрсетті.

2025 жылғы желтоқсанда кірістіліктің тәуекелсіз қисығы МБҚ-ға жоғары сұраныс аясында жеделдік сызығы бойынша төмендеуді көрсетті. Ұзақ мерзімді инфляциялық тәуекелдердің төмендеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоса алғанда, нарыққа қатысушылар белсенділігінің артуы елеулі әсер етті.

Депозиттер бойынша мөлшерлемелер. Бір жыл ішінде ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелердің өсуімен қатар базалық мөлшерлеме де өсті. Корпоративтік сегменттің тез бейімделгені байқалды, ал жеке депозиттер пайыздық шарттардың өзгеруіне біртіндеп бейімделді. Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді қалыптастыруға Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының 2025 жылғы 1 наурыздан бастап барлық екінші деңгейдегі банктер үшін теңгедегі депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер белгілеу тәжірибесін тоқтату туралы шешімі де ықпал етті, бұл депозит өнімдерінің кірістілігін қалыптастыруда нарықтық факторлардың рөлін күшейтті. Нәтижесінде заңды тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелер 2024 жылғы желтоқсандағы 14,0%-дан 2025 жылғы желтоқсанда 16,8%-ға дейін, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 13,2%-дан 14,7%-ға дейін өсті (12-сурет).

Кредиттер бойынша мөлшерлемелер. 2025 жылы заңды тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің өзгеруінен кейін біртіндеп түзетілді. Жеке сегменттегі динамика ең алдымен тұтынушылық қарыздар жөніндегі шарттармен айқындалды (13-сурет).

12-сурет. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелер



13-сурет. Теңгедегі кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер, %-бен



Кредит арнасы және депозиттер (әл-ауқат арнасы)

2025 жылдың қорытындысы бойынша кеңейтілген анықтамадағы экономикаға берілген кредиттер⁸ 50,6 трлн теңгеге жетті (20,9%-ға өсті). Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың кредиттері, микроқаржы ұйымдарының және квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерінің кредиттері өсуге үлес қосты.


2025 жылы банктердің кредиттеуі 40,2 трлн теңгеге дейін 19,1%-ға өсті.

Корпоративтік сегментте іскерлік белсенділіктің өсуі және цифрлық қаржылық шешімдердің кеңеюі аясында екі мәнді өсу қарқыны тіркелді (14-сурет). Ірі және орта бизнес сегментінде айтарлықтай өсім байқалды, ал өткен жылдардың жоғары базасы аясында шағын бизнесті кредиттеуде қалыпты өсу қарқыны көрінді. Даму институттарының жеңілдікпен кредиттеу бағдарламалары бойынша қаржыландырудың ұлғаюы да кредиттеудің өсуіне ықпал етті.

Жеке сегментте жүргізілген саясат пен қабылданған реттеу шараларының әсері тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқынының жылдан жылға 21,0%-ға дейін (бір жыл бұрын 33,5%) бәсеңдеуінен көрінді. Бұл ретте кепілсіз тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқыны да жылдан жылға бір жыл бұрынғы 29,2%-дан жылдан жылға 14,6%-ға дейін бәсеңдеді. Ипотекалық кредиттеудің өсуі (жылдан жылға 14,6%-ға) жеңілдікті шарттары бар қарыздардың өсуі арқылы және жекелеген банктердің жаңа ипотекалық өнімдерді, оның ішінде құрылыс салушылармен бірлесіп енгізуі арқылы қолдау тапты (14-сурет).

Депозиттер. 2025 жылы депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемі 16,3%-ға артып, рекордтық 48,0 трлн теңгені құрады. Депозиттік базаның өсуі теңгедегі салымдармен және валютадағы салымдармен қамтамасыз етілді (15-сурет). Ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы депозиттер арасындағы кірістіліктің үлкен айырмашылығы 2025 жылғы желтоқсанда валютадағы депозиттер үлесінің 21,1%-ға дейін (2024 жылғы желтоқсанда 22,5%) төмендеуіне ықпал ете отырып, теңгедегі жинақ ақшаның тартымдылығын қолдады. Жеке тұлғалардың салымдарын долларландыру тарихи 17,8% (20,3%) ең төменгі шегіне жетіп, төмендей берді, заңды


14-сурет. Екінші деңгейдегі банктердің бизнеске және халыққа арналған кредиттік портфелінің өсу қарқыны, жылдан жылға, %




⁸ Кеңейтілген анықтамадағы экономикаға берілген кредиттер – бұл банк секторының, ипотекалық ұйымдардың, КМС субъектілерінің (нақты секторды кредиттеуді жүзеге асыратын «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ ЕҰ) және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттері бойынша берешек

тұлғалардың салымдарын долларландыру бұрынғы – 25,1% деңгейінде сақталды (16-сурет). Экономикалық агенттердің жинақтау әрекетін көрсететін халықтың жинақ нормасы⁹ жоғары деңгейде сақталып отыр.

15-сурет. Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, трлн теңге



16-сурет. Депозиттерді долларландыру деңгейі



Валюталық арна. 2025 жыл ішінде теңгенің айырбастау бағамының динамикасы сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен қалыптасты.

Жылдың бірінші жартысында бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан шетел валютасын айтарлықтай сату аясында ұлттық валюта нығая түсті. Шетел валютасының қосымша ұсынылуы 2025 жылы осы операциялардың валюта нарығына әсерін бейтараптандыру үшін теңгеге шетел валютасын сатуды көздейтін алтынды сатып алу операцияларын теңестіру тетігін енгізуді қамтамасыз етті.

Бұл динамика жылдың екінші жартысында өзгерді. Мәселен, 2025 жылғы шілдеде бюджет шығыстарының ұлғаюы, импорттық төлемдер мен халық тарапынан маусымдық сұраныстың өсуі аясында валюта нарығына қысымның күшеюі және шетел валютасына сұраныстың артуы байқалды. 2025 жылғы шілденің аяғында АҚШ долларына қатысты теңге бағамы бір айда 4,0%-ға әлсіреп, 540,7 теңгеге (2025 жылғы маусымның аяғында – 519,7) жетті. Валюта нарығындағы өтімділіктің төмендеуіне және алыпсатарлық қысымның күшею белгілеріне байланысты Ұлттық Банк 125,6 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюталық интервенция жүргізді, бұл алыпсатарлық белсенділікті төмендетіп, артық құбылмалылықты реттеуге және валюта нарығының теңгерімділігін ұстап тұруға мүмкіндік берді.

Сонымен қоса 2025 жылғы қазаннан бастап жүргізілген ақша-кредит саясаты аясында және базалық мөлшерлеменің көтерілуіне қарай теңге нығайды. Атап айтқанда, теңгенің нығайуына Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің

⁹ Халықтың өмір сүру деңгейі бойынша СЖРА ҰСБ-ның статистикасы негізінде мынадай формула қолданылды: $\text{Жинақтау нормасы} = (\text{халықтың ақшалай кірісі} - \text{халықтың ақшалай шығыстары}) / \text{халықтың ақшалай кірісі}$

макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасы шеңберінде Үкімет пен Ұлттық Банктің бірлескен мәлімдемелері маңызды үлес қосты. Жүргізіліп отырған ұстамды, қатаң ақша-кредит саясаты инфляциялық күтімдерді қайта қарауға және теңгедегі құралдардың нақты кірістілігін ұлғайтуға ықпал етті, бұл олардың тартымдылығын, соның ішінде бейрезиденттер үшін тартымдылығын айтарлықтай арттырды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша АҚШ долларына қатысты теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 505,73 теңге деңгейінде қалыптасып, 3,7%-ға нығайды.

Жалпы 2025 жылы трансмиссиялық тетік орнықты жұмыс істеді: базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер экономикада инфляциялық сын-қатерлерге жауап беретін қаржылық жағдайлардың қалыптасуын қамтамасыз ете отырып, нарықтық мөлшерлемелер, кредиттік және депозиттік белсенділік динамикасында, сондай-ақ бағамдық процестерде жүйелі түрде көрініс тапты.

1.4. Қаржылық тұрақтылық: шолу және шаралар

2025 жылы тұрақты ресурстық база, капитал жеткіліктілігі мен өтімділік деңгейі, сондай-ақ несие портфелінің тиімді сапасы аясында Қазақстанның банк секторының орнықтылығы сақталды. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттердің салымдары 14,6%-ға ұлғайып, 48,7 трлн теңгеге жетті. Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері белгіленген нормативтерден едәуір асып түсті (k_1 – 19,6%, k_2 – 20,8%), жұмыс істемейтін қарыздар үлесі 3,8%-ды құрады.

Жеке кредиттеу сегментінде шамадан тыс өсу белгілері сақталды. Неғұрлым серпінді өсім кепілсіз тұтынушылық кредиттеуде (берешектің 11,6 трлн теңгеге дейін 14,6%-ға өсуі) және автокредиттеуде (4 трлн теңгеге дейін 42,1%-ға) байқалды. Бір қарыз алушыға бір мезгілде тұтынушылық қарыздар бойынша орташа борыш (18,3%-ға) және берешегі 1 млн теңгеден асатын қарыз алушылар саны (13%-ға) ұлғайды, бұл халықтың борыштық жүктемесінің өсуін және сегменттің макроэкономикалық тәуекелдерге әсерінің артқанын көрсетті.

Жеке кредиттеуді бәсеңдету мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп макро- және микропруденциялық шаралар кешенін іске асырды. Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша 2026 жылғы 1 сәуірге дейінгі өтпелі кезеңмен халыққа берілген кредиттер бойынша тәуекелге мөлшерленген активтерден 2% мөлшерінде секторлық контрциклдік капитал буфері (СККБ) енгізілді. Қосымша капиталдың қажетті көлемі 500 млрд теңгеге бағаланып отыр.

Шамадан тыс борыштық жүктемесі бар қарыз алушыларға қарыз беруді шектейтін, борыштық жүктеме коэффициентін (БЖК) 0,5-тен аспайтын деңгейде сақтау талабы сұраныс тарапынан негізгі құрал болды. 2025 жылы БЖК есептеу кезінде кірістерді сәйкестендіруге қойылатын талаптар күшейтілді. Жиынтық

шаралар нәтижесінде екінші жартыжылдықта жеке кредиттеудің өсу қарқыны бәсеңдеді: жыл қорытындысы бойынша халыққа қарыздар берудің өсуі жылдан жылға 8,7% (2024 жылы – 21,9%, 2023 жылы – 29,9%), тұтынушылық кредиттер бойынша, оның ішінде автокредиттер бойынша – жылдан жылға 10% (тиісінше 23,8% және 41,3%) болды.

Екінші деңгейдегі банктерді корпоративтік кредиттеуді кеңейтуге және капиталды неғұрлым тиімді пайдалануға ынталандыру жұмысы қатар жүргізілді. Салық төрелігін жою және мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдардың тартымдылығын төмендету үшін Ұлттық Банктің бастамасы бойынша оның ноталары бойынша (2024 жылғы наурыздан бастап) және Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша (2026 жылдан бастап алынған кірістер көлемінің 50%-ына, 2031 жылдан бастап – 100%-ына салық салынуы тиіс) кірістерге салық салу енгізілді. 2026 жылғы қаңтардан бастап корпоративтік табыс салығының сараланған мөлшерлемелері енгізілді: бизнесті кредиттеуден түсетін кірістер бойынша – 20% және басқа да қызмет түрлері бойынша – 25%.

Экономиканы кредиттеуді және резиденттердің қаржы ұйымдарына жатпайтын бағалы қағаздар портфелін белсенді түрде өсіретін банктер үшін ең төменгі резервтік талаптардың біркелкі көтерілуі қосымша ынталандыру болды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы және мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары шеңберінде бөлінген қаражатты мерзімінен бұрын қайтаруды қамтамасыз ету жұмысы жалғастырылды. Дивидендтер төлеу бойынша шектеулер енгізіліп, мемлекеттік қолдау қаражатының бір бөлігін ең төменгі резервтік талаптар құрамына орналастыру көзделді. Нәтижесінде банктер бөлінген қаражаттың жартысынан астамын мерзімінен бұрын қайтарды, бұл ретте мемлекеттік көмекті қайтару жұмысы жалғасуда.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде қадағалау функциясы сақталған жағдайда, 2025 жылғы заңнамалық өзгерістер¹⁰ Ұлттық Банктің макропруденциялық саясат саласындағы институционалдық мандатын күшейтіп, оған міндетті нормативтер мен лимиттерді (капиталдың контрциклдік буферін, СККБ мен БЖК қоса алғанда) белгілеу өкілеттіктері бекітіп берілді.

Банктер туралы жаңа заң¹¹ шеңберінде халықаралық қағидаттарды ескере отырып, жүйелік маңызы бар банктерді реттеу тетігі қайта қаралды. Шығындарды қамтудың жалпы қабілеттігін қамтамасыз ететін (total loss absorbing capacity) құралдарға, реттеу жоспарларын дайындауға қойылатын талаптар енгізілді, сондай-ақ акционерлердің шығындарды басымдықпен

¹⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII Қазақстан Республикасының Заңы.

¹¹ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 258-VIII Қазақстан Республикасының Заңы.

қамтуы, мемлекеттік кепілдік болған кезде соңғы сатыдағы қарызды беру және кейіннен салаға қолдауды қайтару арқылы мемлекеттік қолдау шарттары нақтыланды.

Жыл бойы Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес активтердің сапасын бағалау (AQR), банктерді стресс-тестілеу нәтижелерін, 2024 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындыларын, сондай-ақ зейнетақы активтерінің кірістілігін инфляциядан жоғары қамтамасыз ету шараларын қарастырды. Дағдарысқа қарсы жоспарлар архитектурасын қалыптастыру тәсілдері және халыққа кредит беру сегментіндегі тәуекелдерді азайту бойынша қосымша шаралар мақұлданды.

Іске асырылған бастамалар банк жүйесінің орнықтылығын күшейтуді, кредиттік белсенділіктің теңгерімділігін арттыруды және қаржылық қауіпсіздік желісі шеңберінде ведомствоаралық үйлестіруді нығайтуды қамтамасыз етті.

2. БАНКТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2.1. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару

2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 65,9¹² млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 20,2 млрд АҚШ долларына немесе 44,2%-ға артық (1-кесте).

2025 жылы ішкі нарықта басым құқықты іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк 2,1 млн троя унциясын немесе 66 тонна құймадағы аффинирленген алтынды сатып алды.

Есепті жылдың басында алтын-валюта резервтерінің өтімділігін арттыру мақсатында сыртқы нарықта 605 млн АҚШ доллары сомасына 6,5 тонна алтын сатылды. 2025 жылғы ақпаннан бастап әлемдік бағалы металдар нарықтарындағы белгісіздік жағдайының артуын және АҚШ ФРЖ-ның ақша-кредит саясатын жеңілдетуін күткенін ескере отырып, алтынды сату операциялары тоқтатылып, Ұлттық Банк оны алтын-валюта резервтерінің құрамында жинақтау режиміне қайта оралды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын (бұдан әрі – Мемлекет басшысының Жолдауы) орындау шеңберінде цифрлық активтерге инвестицияларды жүзеге асыру үшін Ұлттық стратегиялық крипторезервті қалыптастыру бөлігінде балама құралдар портфелінің құрамында цифрлық активтер портфелі қалыптастырылды.

¹² 2025 жылдың соңында алтын-валюта резервтерінің көлемі 65,4 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта резервтеріне ЕКВ-дегі активтер, алтын, Қазақстан Республикасының СДР-дағы ХВҚ-ға қоятын нетто-талаптары кіреді.

1-кесте. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің құрылымы

Портфельдің атауы	2025 жылғы 1 қаңтарда		2026 жылғы 1 қаңтарда		2025 жылғы кірістілік, АҚШ долларымен
	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Үлесі, %	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Үлесі, %	
Алтын портфелі	23 982,7	52,5%	47 720,6	72,5%	65%
Өтімділік портфелі	6 816,2	14,9%	3 163,8	4,8%	5,5%
Стратегиялық портфель	3 898,4	8,5%	4 297,7	6,5%	10,2%
Инвестициялық портфель	9 014,1	19,7%	8 291,1	12,6%	5,3% (валюталар себеті) 9,4% (АҚШ долларымен)
Балама құралдар портфелі	1 726,8*	3,8%	1 830,5 ¹³	2,8%	7,4% ¹³
Дамушы нарықтар портфелі	233,1	0,5%	562,4	0,9%	6,0%
Барлығы	45 671,3*	100%	65 866,1	100%	

* Анықтама үшін: Жеке капитал нарығының ерекшелігін ескере отырып, балама құралдар портфелінің аяқталған деректері есепті жылдан кейінгі жылғы II тоқсанда қолжетімді болады. Мәселен, 2024 жылғы аудиттелген деректерге сәйкес балама құралдар портфелінің нарықтық құны 1 726,8 млн АҚШ долларын, кірістілік – 4,5%-ды құрайды.

2025 жылғы I тоқсанда активтерді консультациялық және сенімгерлік басқару (Reserve Advisory & Management Partnership) бағдарламасы шеңберінде Қытайдың мемлекеттік бағалы қағаздарына салынатын инвестицияларды кеңейту мақсатында шамамен 300 млн АҚШ доллары сомасында дамушы нарықтар портфелінің активтері Халықаралық қайта құру және даму банкінің басқаруына берілді.

Алтын сатып алу кезінде монетарлық бейтараптылықты қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк жыл бойы басым құқық шеңберінде ішкі нарықта өтімділік портфелінен шамамен 7 млрд АҚШ доллары сомасына шетел валютасын сату арқылы теңестіру операцияларын жүзеге асырды. Сатылатын валюта сомасы Ұлттық Банк отандық алтын өндіруші кәсіпорындардан алтын сатып алу үшін жүргізген теңге эмиссиясының көлеміне баламалы мөлшерде болды.

Бір мезгілде алтын-валюта активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін қолдау және қаражат ағынын өтеу мақсатында 2025 жылы өтімділік портфелі 1,5 млрд АҚШ долларына толықтырылды.

2.2. Ұлттық қордың активтерін басқару

Ұлттық қордың активтерін басқарудың негізгі мақсаты – оның активтерін сақтау, өтімділіктің жеткілікті деңгейін ұстап тұру, тәуекелдің тиісті деңгейі кезінде ұзақ мерзімді перспективада кірістілікті қамтамасыз ету. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қор активтерінің нарықтық құны 73,8 млрд АҚШ долларын, оның ішінде валюталық портфель көлемі 63,9 млрд АҚШ долларындағы соманы құрады. Есепті жылы валюталық

¹³ Алдын ала деректер. Портфель референсі тәсіліне көшкен сәттен бастап жылдық мәндегі кірістілік (01.07.2018 – 31.12.2025) 8,7%, соңғы 5 жылда – 7,4% болды.

активтердің кірістілігі 15,1%-ды немесе 8,72 млрд АҚШ долларын құрады (2-кесте).

2-кесте. Ұлттық қордың валюталық активтерін басқару нәтижелері

Портфельдің атауы	2025 жылғы 1 қаңтарда		2026 жылғы 1 қаңтарда		2025 жылғы кірістілік, АҚШ долларымен
	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Жинақ портфелінің үлесі, %	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Жинақ портфелінің үлесі, %	
Тұрақтандыру портфелі	3 450,0	–	4 716,3	–	4,3%
Жинақ портфелі	56 054,0	100,0%	60 676,1	100,0%	16,1%
Акциялар	20 345,6	36,3%	22 390,5	36,9%	21,0%
Дамыған елдердің облигациялары	15 096,7	26,9%	15 372,5	25,3%	7,7%
Дамушы елдердің облигациялары	10 579,3	18,9%	11 391,5	18,8%	10,2%
Корпоративтік облигациялар	5 131,6	9,2%	5 591,5	9,2%	11,3%
Алтын	3 314,5	5,9%	4 223,8	7,0%	64,7%
Балама құралдар	1 586,1	2,8%	1 706,3	2,8%	7,6%
«ҰҚ – балаларға» бойынша міндеттемелер	(-) 664,9		(-) 1 497,9		
Валюталық активтердің барлығы	58 839,0		63 894,5		15,1%

Ұлттық қорды басқару тәсілдерін жетілдіру мақсатында активтердің сыныптары бойынша ұзақ мерзімді нарықтық күтімдерді ескере отырып, жинақтау портфелінің жаңа нысаналы аллокациясы – 50/50 (50% – акциялар, алтын және балама құралдар сияқты активтердің жоғары кірісті сыныптары, 50% – облигациялар) әзірленді. Бұл аллокация дамыған елдердің облигациялар портфелінің үлесін 10%-ға төмендету есебінен акциялар портфелінің үлесін 5%-ға және балама құралдар портфелінің үлесін 5%-ға ұлғайтуды болжайды.

Нарықтық үрдістерді ескере отырып, Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына енгізілген өзгерістерге¹⁴ сәйкес дамыған елдердің облигациялар портфелінің құрылымына 10% үлесі бар дамыған елдердің инфляциялық индекстелген мемлекеттік облигациялары енгізілді.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде балама құралдар портфелінен экономиканың жоғары технологиялық секторларына 1 млрд АҚШ долларына дейін инвестициялау үшін ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасы әзірленді. Ұлттық Банктің еншілес ұйымы – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ бағдарламаның операторы болады. Инвестициялық жобалардың коммерциялық әлеуеті мен тәуекелдеріне объективті және тәуелсіз сараптама жүргізу үшін халықаралық басқарушы компанияларды тарту жоспарлануда. Қалыптасқан беделі бар халықаралық басқарушы компаниялардың қатысуы Қазақстанға

¹⁴ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 2025 жылғы 21 қазандағы № 61 қаулысы

бірлесіп инвестиция салуға деген ірі шетелдік қорлардың қызығушылығын арттыруға және сыртқы инвестицияларды тарту арқылы бағдарламаны кеңейтуге ықпал етеді.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру аясында Ұлттық стратегиялық крипторезерв құрамында балама құралдар портфелінің активтері 350 млн АҚШ долларына дейін цифрлық қаржылық активтерге және олармен байланысты құралдарға инвестицияланады.

Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері мен Ұлттық қордың активтерінен басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Ұлттық стратегиялық крипторезервке басқа да мемлекеттік активтерді, оның ішінде тәркіленген цифрлық активтерді де инвестициялау жоспарлануда.

2.3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару

2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 25,1 трлн теңгені немесе зейнетақы жинақтарының жалпы көлемінің 99,6%-ын құрады. 2025 жылы Ұлттық Банктің басқаруындағы зейнетақы активтері 2,7 трлн теңгеге ұлғайды, бұл 12,0%-дық өсімге сәйкес келеді (3-кесте).

3-кесте. Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	2025 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2025 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	2026 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2026 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	Кезең ішіндегі өзгеріс, %
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	9 317,7	41,6%	10 923,0	43,5%	17,2%
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздары және екінші деңгейдегі банктердегі салымдары	3 333,3	14,9%	3 490,7	13,9%	4,7%
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары, оның ішінде:	9 019,8	40,2%	10 215,9	40,7%	13,3%
Сыртқы басқарудағы	4 801,0	21,4%	5 252,4	20,9%	9,4%
Инвестициялық шоттардағы ақша және «Кері РЕПО» операциялары	744,2	3,3%	474,4	1,9%	-36,2%
Барлығы	22 415,0	100,0%	25 104,0	100,0%	12,0%

2025 жыл ішінде жергілікті нарықта зейнетақы активтері портфеліне нарық шарттарымен 2,5 трлн теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, 797,1 млрд теңге сомасына Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор эмитенттерінің облигациялары, 44,8 млрд теңге сомасына банктердің және 54,0 млрд теңге сомасына халықаралық қаржы ұйымының облигациялары, сондай-ақ валюта үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында 972,6 млн АҚШ доллары көлемінде шетел валютасы сатып алынды.

2025 жыл ішінде зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің құрылымы белгіленген стратегиялық аллокация шеңберінде болды. Мәселен, дамыған елдердің облигацияларының үлесі валюта портфелінің 25,8%-ын (нысаналы мәні $25\% \pm 10\%$), дамушы елдердің облигацияларының үлесі – 21,3%-ын (нысаналы мәні $25\% \pm 10\%$), корпоративтік облигациялардың үлесі – 17,8%-ын (нысаналы мәні $20\% \pm 10\%$), акциялардың үлесі – 26,2%-ын (нысаналы мәні $30\% \pm 10\%$) құрады.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің кірістілігі 2025 жылы 7,4% болды. Кірістіліктің төмендеуінің негізгі себептері теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы салдарынан 378,4 млрд теңге мөлшерінде теріс бағамдық қайта бағалау, сондай-ақ олардың кірістілігінің өсуі салдарынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын 555,3 млрд теңге мөлшерінде теріс нарықтық қайта бағалау болып саналады. Нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық кіріс 1,8 трлн теңгені құрады.

2.4. Қаржылық тәуекелдерді басқару

Ұлттық Банк 2025 жылы инвестициялық процестердегі ықтимал шығынды барынша азайтуға бағытталған тәуекелдерді басқару тетіктері мен тәсілдерді жетілдіру шеңберіндегі жұмыс одан әрі жалғасты.

4-кесте. Портфельдер бойынша тәуекелдердің негізгі параметрлері

Портфельдің атауы	Тәуекелдердің параметрлері	Белгіленген деңгейлер	Нақты деңгейлер
Стратегиялық портфель	95% ықтималдықпен 1 айдағы тәуекелді шама (Value-at-Risk)	10 %	1,75 %
Өтімділік портфелі	өтеуге дейінгі орташа өлшемді мерзім	1 жыл	0,004 жыл
Инвестициялық портфель	портфель дюрациясының (Duration) эталондық портфель дюрациясынан ауытқуы	+30/-40 %	-0,39 %
	портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуының күтілетін өзгергіштігі (Tracking error)	2 %	0,08 %

95% ықтималдықпен 1 жылдағы тәуекелді шаманың (Value-at-Risk) нақты деңгейі алтын-валюта активтерінің барлық портфелі үшін 23,02%-дан аспайды.

9 «Қаржы құралдары» халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес күтілетін кредиттік шығынның провизиялары тоқсан сайын қалыптастырылды. 2025 жылдың соңында провизиялар көлемі 19,3 млрд теңгені құрады.

Банктердің ішкі кредиттік рейтингтері тоқсан сайын негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша, оның ішінде капиталдың жеткіліктілігін, активтердің сапасын, кірістілікті, өтімділікті қоса алғанда, сондай-ақ халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерін ескере отырып, кредиттік сапаны


кешенді бағалауды көздейтін әдістеме негізінде белгіленді. 2025 жылдың соңында жаңадан құрылған банктер үшін бағалаудың уақытша тәртібін енгізуді және есептелген кірістердің жинақталу көрсеткішін есепке алуды көздейтін осы әдістемені жетілдіру бойынша жұмыс басталды.

2.5. Қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру

2.5.1. Қолма-қол ақшаның эмиссиясы және айналысы

2025 жылы айналыстағы қолма-қол ақша сомасы 10,9%-ға ұлғайып, 5,2 трлн теңгені (оның ішінде 97,9%-ы банкноттар және 2,1%-ы айналымдағы монеталар) құрады (17-сурет).

17-сурет. Айналыстағы қолма-қол ақша



Экономика субъектілерін қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету мақсатында өңірлерге жалпы салмағы шамамен 1 312 тонна болатын 3,3 трлн теңге сомаға барлық номиналдағы банкноттар мен монеталар жеткізілді.

Ұлттық Банк «Сақ стилі» банкноттарын кезең-кезеңмен шығаруды жалғастыруда. Номиналы 1 000, 2 000, 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттар күнделікті есеп айырысуларда қолданылады, ал номиналы 500 теңгелік банкнот 2026 жылғы 1-жартыжылдықта (банктердің жаңа банкноттарды қабылдау дайындығына қарай) айналысқа шығады.

«Сақ стилі» банкноттар сериясы Бангкок (Таиланд) қаласында Валюталық мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастықтың байқауында «Best New Banknote or Banknote Series» (Үздік жаңа банкнот немесе банкноттар сериясы) номинациясы бойынша ақтық сынға шықты.

2.5.2. Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарының сараптамасы

2025 жылы Ұлттық Банк 9,5 млн теңге сомасына 1 317 күмәнді ақша белгісіне сараптама жүргізді.

Ұлттық Банк пен екінші деңгейдегі банктер жалпы саны 807,0 мың теңге сомасына 158 дана қолдан жасалған ақша белгілерін анықтады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 46,3%-ға көп. Соның ішінде Ұлттық Банк 163,2 мың теңге сомасына 32 қолдан жасалған ақша белгілерін анықтады, бұл 2024 жылғы

көрсеткіштен 21,9%-ға аз. Жиі қолдан жасалған банкноттар «5 000 теңге» – 145 дана (анықталған қолдан жасалған ақшаның жалпы санының 91,7%-ы).

2.5.3. Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген алтынның өлшеуіш құймалары

2025 жылы Ұлттық Банк инновациялық шешімдерді қолдана отырып, тантал қондырмасымен дөңес жартылай сфера түріндегі «MERCURY» (Меркурий) монетасы, айналмалы элементтері бар «TÁŇIRLIK KÚNTIZBE» (Тәңірлік күнтізбе) жинақ монетасы, сондай-ақ ультракүлгін жарықта көрінетін жұлдыздар түрінде жасырын элементтері бар алғаш рет тұтас танталдан жасалған «БАЙҚОҢЫР – 70 ЖЫЛ» (Байқоңырға – 70 жыл) монетасы сияқты коллекциялық монеталарды шығарды.

«AQ TUNǴIYQ» коллекциялық монетасы Кейптаун (ОАР) қаласында өткен Монета сарайлары директорлары қауымдастығының конференциясында «Үздік естелік күміс монетасы» номинациясында 3-орын алды, «AIGY» монетасы Санкт-Петербург (Ресей) қаласында өткен «Монеталық шоқжұлдызы – 2025» байқауында 3-ші орынға ие болды.

2025 жылы күміс монеталардың 13 түрі, мельхиор қорытпасынан жасалған монеталардың 5 түрі, нейзильбер қорытпасынан жасалған монеталардың 8 түрі айналысқа шығарылды. 2025 жылы барлығы 30,1 млн дана коллекциялық монета (оның ішінде бағалы металдардан – 18,7 мың дана, бағалы емес металдар мен қорытпалардан – 30,1 млн дана) шығарылды. Интернет-дүкен арқылы жалпы сомасы 1,0 млрд теңгеден асатын 311,2 мың коллекциялық монета сатылды.

2025 жылы Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерге және банктік емес айырбастау пункттеріне жалпы салмағы 0,9 тонна болатын аффинирленген алтынның 27 750 өлшеуіш құймасын өткізді.

2025 жылы салмағы 10 грамм құйма (2025 жылы жалпы сату көлемінің үлесі 33%), одан әрі 20 грамдық (20%), 5 грамдық (19%), 50 грамдық (14%) және 100 грамдық (14%) құйма көпшілік сұранысына ие болды. Негізінен өлшеуіш құймаларға сұраныс Алматы, Астана және Шымкент қалаларында орын алды.

2.6. Валюталық реттеу және валюталық бақылау

2.6.1. Валюталық реттеу және валюталық операциялардың мониторингі

2025 жылы Ұлттық Банк елдегі валюталық реттеу жүйесін әдістемелік тұрғыдан қолдауды қамтамасыз етті. Валюталық операциялар бойынша есептілікті ұсыну және түзету мерзімдерін қысқарту, шетел валютасын сатып алу-сату тәртібін жетілдіру, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының валюталық операциялары туралы толық деректер жинау және басқа да түзетулерді көздейтін валюталық заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар валюталық реттеу мәселелері бойынша «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Валюталық реттеу және валюталық

бақылау туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңдарға өзгерістер¹⁵ енгізілді және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңының жекелеген нормалары пысықталды. Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша жаңа Салық кодексінде қайтарылмаған және күмәнді қаржылық қарыздарға салық салу көзделген.

Күмәнді валюталық операцияларды анықтау жұмысы жалғастырылды, оның ішінде валюталық заңнама талаптарын орындаудан жалтару белгілері бар операциялар бойынша қаржылық мониторинг рәсімдері нақтыланды. 2025 жылы Премьер-Министрдің атына, Қаржы министрлігіне, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қаржылық мониторинг агенттігіне анықталған операциялар туралы тиісті ақпарат жіберілді.

Мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасуды жетілдіру шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасы мен Қаржы министрінің екі бірлескен бұйрығы қабылданды. Ұлттық Банктің және Қаржы министрлігінің ведомстволық ақпараттық жүйелерінің интеграциясын іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

2025 жылы капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарды және шетелдік банктердегі шоттарды есептік тіркеу шеңберінде 2 498 есептік нөмір берілді.

Валюталық заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысынан уәкілетті банктерге (9 жоспарлы және 11 жоспардан тыс) тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексерулердің, сондай-ақ бақылаудың өзге де нысандарының қорытындысы бойынша уәкілетті банктерге қатысты жалпы сомасы 493,7 млн теңгеге 38 айыппұл, 62 ескерту, сондай-ақ бұзушылықтарды жою туралы 8 талап шығарылды. Заңды тұлғаларға бастапқы статистикалық деректерді уақтылы ұсынбағаны үшін жалпы сомасы 0,9 млн теңгеге 2 айыппұл салынды.

2026 жылы Ұлттық Банк валюта нарығының жай-күйіне талдау жүргізу, валюталық операцияларды реттеу әдіснамасын жетілдіру және валюталық бақылау агенттерінің валюталық заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жұмысын жалғастыратын болады.

2.6.2. Қолма-қол шетел валютасымен операцияларды бақылау

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолма-қол шетел валютасы нарығында 2 125 айырбастау пункті (2025 жылғы 1 қаңтарға – 2078 айырбастау пункті) бар, олардың ішінде банктік және «Қазпошта» АҚ-ға – 1 533 (72,14%) (2025 жылғы 1 қаңтарға – 1514 бірлік) тиесілі, банктік емес айырбастау пункттері – 592 (27,86%) (2025 жылғы 1 қаңтарға – 564 бірлік).

¹⁵ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 259-VIII Қазақстан Республикасының Заңы

Бір жыл ішінде айырбастау пункттерінің жалпы саны 47 бірлікке, оның ішінде банктік айырбастау пункттері – 19 бірлікке, банктік емес айырбастау пункттері – 28 бірлікке ұлғайды.

2025 жылы айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасын халыққа нетто-сату шамамен 1,7 трлн теңгені (2024 жылы – 2 трлн теңге) құрады. Оның ішінде банктік және «Қазпошта» АҚ айырбастау пункттері арқылы – 1 трлн теңге (2024 жылы – 1,6 трлн теңге) және банктік емес айырбастау пункттері арқылы – 0,7 трлн теңге (2024 жылы – 0,4 трлн теңге) болды.

2025 жылы уәкілетті ұйымдарға қатысты 222 тексеру, оның ішінде жоспарлы – 128, жоспардан тыс – 13, сондай-ақ құжаттамалық – 81 тексеру жүргізілді.

2025 жылы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру талаптарын бұзғаны үшін уәкілетті ұйымдарға қатысты 874 әкімшілік құқық бұзушылық ісі қозғалды, оның ішінде: 336-ы бойынша жалпы сомасы 174,2 млн теңгеге айыппұл (Ұлттық Банк – 37,7 млн теңге, соттар – 136,5 млн теңге) салынды; 528-ы бойынша ескерту берілді, 1 – бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды, 3 – маңыздылығы елеусіз болуына байланысты тоқтатылды, 6 – қарау сатысында.

Уәкілетті ұйымдарға қатысты 318 қадағалау ден қою шаралары, сондай-ақ 1 лицензияның қолданылуын тоқтата тұру санкциясы қолданылды.

Сонымен қатар, 2025 жылы екінші деңгейдегі 5 банкке тексеру жүргізілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 20 іс қозғалды, оның ішінде: 13-і бойынша жалпы сомасы 3 млн теңгеге айыппұл түріндегі жаза қолданылды; 6 – ескерту жасалды; 1 – бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы 1 талап қойылды.

Айырбастау пункттерінде қолма-қол валютаны сатып алу және сату бағамдары арасындағы негізсіз айырмашылық белгілеу арқылы алыпсатарлық операциялардың алдын алу мақсатында 2025 жылғы 28 ақпаннан бастап айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері АҚШ доллары үшін – 7 теңге және еуро үшін – 10 теңге мөлшерінде белгіленді.

2025 жылғы 13 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің кемінде 100% көлемінде күнделікті ақша қаражатының болуын қамтамасыз етпегені үшін, сондай-ақ айырбастау операцияларын жүзеге асыру талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін жаңа баппен толықтырылды.

3. ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ АКТИВТЕР ИНДУСТРИЯСЫ


3.1. Төлем жүйелері

Қазақстан Республикасының аумағында 17 төлем жүйесі жұмыс істейді, олардың ішінде Банкаралық ақша аударымдары жүйесі, Банкаралық клиринг жүйесі, Жаппай электрондық төлемдер жүйесі және Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі Ұлттық Банктің төлем жүйелері болып саналады. Бұл жүйелер Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютада төлем жүргізуге бағдарланған және елдегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің басым бөлігін өңдейді. Нарықта жеке төлем жүйелерін қоса алғанда, карточкалық төлем жүйелері және ақша аударымдары жүйелері де жұмыс істейді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Банкаралық ақша аударымдары жүйесі жүйелік маңызы бар төлем жүйесі, ал Банкаралық клиринг жүйесі мен Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі маңызды төлем жүйелері болып табылады.

2026 жылғы 1 қаңтарға Банкаралық ақша аударымдары жүйесіне қаржы нарығының барлық инфрақұрылымдық субъектілерін қоса алғанда, 33 қаржы ұйымы қатысты. Банкаралық клиринг жүйесіне қатысушылар саны 23 болды.


18-сурет. Ұлттық Банктің Банкаралық ақша аударымдары жүйесіндегі төлем ағынының динамикасы



2025 жылы Банкаралық ақша аударымдары жүйесіндегі төлемдер саны 16,7% (немесе 5,1 млн транзакцияға), ал төлемдер сомасы 4,3% (63,6 трлн теңгеге) өсті (18-сурет). Орта есеппен алғанда операциялық күні осы төлем жүйесі арқылы 6,3 трлн теңге сомасына 145,3 мың транзакция жүргізілді.

Банкаралық ақша аударымдары жүйесінде төлем құжаттарының 57%-дан астамы сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін ең жоғары аралықта өңделеді, бұл төлемдердің жалпы көлемінің шамамен 39%-ын құрайды. Банкаралық ақша аударымдары жүйесіндегі төлемдер саны бойынша ең үлкен үлес 3 млн теңгеге дейінгі сомадағы (83,4%) төлемдерге тиесілі, ал көлемі бойынша негізгі үлес сомасы 1 млрд теңгеден асатын төлемдерге (87,9%) тиесілі.

19-сурет. Ұлттық Банктің Банкаралық клиринг жүйесіндегі төлем ағынының динамикасы



2025 жылы Банкаралық клиринг жүйесіндегі төлемдер саны 33,4%-ға (немесе 19,1 млн транзакцияға), ал төлемдер сомасы 21,0%-ға (2,5 трлн теңгеге) ұлғайды (19-сурет). Орта есеппен алғанда операциялық күні осы төлем жүйесі арқылы 58,3 млрд теңге сомасына 309,9 мың транзакция жүргізілді.

Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа жарамдылық коэффициенттері олардың үздіксіз жұмысының жоғары деңгейін растайды: Банкаралық ақша аударымдары жүйесі бойынша – 99,78%, ал Банкаралық клиринг жүйесі бойынша – 99,85% болды.

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі ұлттық қолданыс аясында Visa, Mastercard және UnionPay төлем карточкалары бойынша ел ішіндегі операциялардың өңделуін қамтамасыз етті. 2025 жылы Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі арқылы 1,04 млрд транзакция өңделді.

Халықаралық ақша аударымдары жүйелері. 2025 жылдың соңында Қазақстанда банктік шот ашпастан 4 халықаралық ақша аударымдары жүйесі: «Золотая корона», Western Union, MoneyGram және UPT жұмыс істеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы шетелге жіберілген аударымдар көлемі 8,8%-ға төмендеп, 718,9 млрд теңгені құрады. Бұл ретте шетелге жіберілген бір аударымның орташа сомасы 14%-ға өсіп, 426,2 мың теңге болды. Негізгі алушы елдер: Ресей, Өзбекстан, Түркия, Грузия және Қырғызстан.

2025 жылы Қазақстанға шетелден алынған аударымдар көлемі 4,3%-ға төмендеп, 226,4 млрд теңгені құрады. Бұл ретте шетелден жіберілген бір аударымның орташа сомасы 26%-ға өсіп, 377,6 мың теңге болды. Аударымдарды жіберуші негізгі елдер: Ресей, АҚШ, Өзбекстан, Түркия және Германия.

3.2. Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы


Көрсетілетін төлем қызметтерін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және банктік емес төлем ұйымдары ұсынады.

2025 жылдың соңында 42,6 млн белсенді төлем карточкасы (3,4%-ға өскен) айналыста болды. Эмитенттері – 17 банк және «Қазпошта» АҚ.

2025 жылы Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкалары мен электрондық банк қызметтерін пайдаланып, 216,0 трлн теңге сомасына (12,5%-ға өскен) 14,2 млрд транзакция (8,6%-ға өсу) жүргізілді.

2025 жыл ішінде қолма-қол ақшасыз операциялар үлесінің өскені және қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар үлесінің төмендегені байқалды (20-сурет).

20-сурет. Транзакциялардың түрі бойынша жалпы көрсеткіштегі операциялар үлесі, %-бен



Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялардың саны мен көлемі тиісінше 8,8%-ға және 13,3%-ға өсіп, 188,4 трлн теңге сомасында 14,0 млрд транзакцияны құрады. Қолма-қол ақшасыз операциялардың өсуі негізінен интернет- және мобильді банкингті пайдалануға негізделеді (12,9%-ға өскен, жалпы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемі 89,9%).

Оған қоса халықтың күнделікті өміріне қолма-қол ақшасыз операциялардың кеңінен енуімен бірге, қолма-қол ақша алу операциялары санының азаюы (2,6%-ға төмендеу) байқалады.

Одан бөлек төлем инфрақұрылымы кеңейіп келеді: қолма-қол ақшасыз төлем қабылдайтын кәсіпкерлер саны 944,9 мың бірлікке дейін 6,6%-ға артып, сауда нүктелерінің саны 1,2 млн бірлікке дейін 5,5%-ға өсті.

Төлем ұйымдары көрсететін төлем қызметтері. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем ұйымдарының тізілімінде клиенттерге жүргізілген төлем қызметтерінің жекелеген түрлерін (төлем терминалдары арқылы төлем жасау, электрондық ақшаны тарату және оларды пайдалана отырып операцияларды өңдеу, интернет және мобильді қосымшалар арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар процессингі) көрсететін 135 төлем ұйымы ұсынылған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген транзакциялар саны 2024 жылмен салыстырғанда 0,5%-ға азайып, 914,0 млн транзакция болды. Өткен жылмен салыстырғанда жүргізілген операциялардың көлемі 16,2%-ға ұлғайып, 9,2 трлн теңгеге жетті.

Қазақстандағы 43 электрондық ақша жүйесінің ішінде 39 жүйенің операторы төлем ұйымдары, 4 электрондық ақша жүйесінің операторы «Қазпошта» АҚ болып саналады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша төлем ұйымдары 1,0 трлн теңге сомаға электрондық ақшамен операциялар жүргізді, бұл барлық жұмыс істеп тұрған электрондық ақша жүйелері айналымының 81,7%-ын құрайды.

3.3. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы (ҰЦҚИ)

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету үшін оның құқықтық мәртебесі мен оның компоненттерін (Ұлттық төлем жүйесі, Банкаралық мобильді төлемдер жүйесі, Цифрлық теңге және Ашық банкинг платформалары, Биометриялық сәйкестендіру жүйесі, Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы), ҰЦҚИ қағидаттары мен міндеттерін, ҰЦҚИ операторы ретінде Ұлттық Банктің уәкілеттіктерін регламенттейтін заңнамалық база құрылды.

ҰЦҚИ-дің барлық компоненттері өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Open API платформасын дамыту шеңберінде 2025 жылы банктермен бірлесіп телефон нөмірі және QR-төлемдер бойынша банкаралық аударымдар функционалы бар банкаралық мобильді төлемдер жүйесі іске қосылды. 2025 жылдың қорытындысында телефон нөмірі бойынша аударым сервисіне 10 банк қосылды, банкаралық QR-төлемдер сервисіне 7 банк қосылды, қалған банктер ақпараттық жүйелерді пысықтау үшін бизнес-процестерге талдау жүргізеді.

2025 жылы Сәйкестендіру деректерін алмасу орталығының (бұдан әрі – СДАО) сервистерін жаңғырту бойынша жұмыстар жалғасты. Заңды тұлғаларды сәйкестендіру үшін СДАО сервистерінің функцияларын кеңейту, жеке тұлғаларды тексеру үшін СДАО-ны Ұлттық Банктің Антифрод-орталығымен интеграциялау, сондай-ақ СДАО-ны азаматтардың дербес деректеріне қол жеткізудің мемлекеттік сервистерімен интеграциялау бойынша іс-шаралар жүргізілді. 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша СДАО сервисіне 146 ұйым (18 банк ұйымы және 128 банктік емес ұйым) қосылған.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы шеңберінде алаяқтық белгілері бар транзакциялар бойынша 80 871 оқыс оқиға, сондай-ақ есірткі саудасына, заңсыз ойын бизнесіне және қаржы пирамидаларына байланысты 19 810 оқыс оқиға тіркелді. 2,8 млрд теңге дер кезінде бұғатталып, зардап шеккендерге жарты миллиард теңгеден астам қаражат қайтарылды. Ұлттық Банктің Антифрод-орталығын одан әрі дамыту аясында клиенттің күдікті операцияларын алдын ала анықтау үшін платформаның талдау әлеуетін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Іске асырылып отырған пилоттық жобалар шеңберінде әрекетке талдау жасау және алаяқтық қауіп-қатерлерін болжау үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылатын болады.

2025 жылы Үкіметпен бірлесіп мемлекеттік қаржы саласына цифрлық теңгені енгізу бойынша жұмыс жалғастырылды. Фермерлерді кредиттеу және субсидиялау, автожолдар құрылысы, салықтық әкімшілендіру және Ұлттық қордан 330 млрд цифрлық теңгеден астам сомаға инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру сценарийлері бойынша 10-нан астам жоба іске қосылды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы қаржы нарығына барлық қатысушылардың тиімді өзара іс-қимылына кепілдік беріп, қаржылық қызмет көрсетудің сенімділігін, қауіпсіздігін және үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, нарыққа қатысушылардың цифрлық қаржы өнімдері мен шешімдерін құруы және дамытуы үшін негіз қалыптастырады.

3.4. Кripto-фиаттық инфрақұрылым

2025 жылы Қазақстанда цифрлық активтерді мемлекеттік реттеудің кешенді моделі енгізілді. Қазақстан Республикасы Парламентінің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының жаңа редакциясын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдауы ұлттық криптоиндустрияны жүйелі дамыту үшін тұтас құқықтық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Саланы реттеуді қайта жүктеу халықаралық қоғамдастықтың және жетекші қаржы ұйымдарының – Халықаралық валюта қорының, Халықаралық қайта құру және даму банкінің, Еуропа қайта құру және даму банкінің, сондай-ақ Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың ұсынымдары ескеріле отырып жүзеге асырылды. Технологиялық бейтараптық, теңгерімді және пропорционалды реттеу қағидаттары сол процестің негізіне алынған.

Заңнамалық деңгейде қаржы құралдарының жаңа класы – цифрлық қаржы активтері (ЦҚА) енгізілді. Нақты активтерді токендеудің құқықтық тетіктері жасалып, нарықтың жаңа реттелетін қатысушыларының – ЦҚА платформалары операторларының және цифрлық активтер қызметінің өзге де провайдерлерінің мәртебесі айқындалды. Олардың капиталына, тәуекелдерді басқару жүйесіне, комплаенс-бақылауға және қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл нормаларын сақтауға қойылатын талаптар белгіленді, бұл цифрлық құралдарды реттеушінің қадағалауымен қаржы жүйесіне интеграциялауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Ұлттық Банк лицензия беретін провайдерлер – криптоайырбастау орындары мен криптобиржалар арқылы қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) заңды айналымы кеңейтілді. Цифрлық платформалардың банк секторымен бақылауда болатын өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін крипто-фиаттық арналарды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалды.

Заңнамалық өзгерістер екінші деңгейдегі банктерге цифрлық активтер нарығының инфрақұрылымына қатысуға – ЦФА (цифрлық қаржылық активтер) айналымына арналған платформалар құруға, меншікті цифрлық қаржы құралдарын сатып алуға және шығаруға мүмкіндік берді.

3.5. Ұлттық Банктің реттеу ортасы

2025 жылы Ұлттық Банк цифрлық активтерді реттеудің ерекше режимін – бақыланатын ортада қаржы-технологиялық инновацияларды тестілеуге және кезең-кезеңімен енгізуге арналған реттеу ортасын ендірі. Бұл тетіктің құқықтық негізі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы №205-VIII Заңымен бекітілді.

2025 жылғы шілдеден бастап реттеу ортасы тетігі арқылы 10 стратегиялық бағыт бойынша 22 инновациялық жоба іске қосылды. Олар мыналарды қамтиды:

- 1) ақшамен қамтамасыз етілген цифрлық активтерді – теңгемен номинирленген «фиаттық» стейблкоиндерді шығару және айналымы;
- 2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды куәландыратын цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы – жылжымайтын мүлікті токендеу;
- 3) материалдық активтерге құқықтарды куәландыратын цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы;
- 4) қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің айырбасын ұйымдастыру;
- 5) төлем жүргізу кезінде қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалютаны) теңгеге конвертациялай отырып қабылдау (крипто-QR);
- 6) цифрлық активтерді сақтауды ұйымдастыру, цифрлық қаржылық активтерді шығару және тіркеу;
- 7) облигациялық қарыздардағы үлестерді білдіретін цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы – токенделген облигациялар;
- 8) цифрлық активтер биржасын ұйымдастыру;
- 9) криптоброкерлік қызмет көрсету;
- 10) аффинирленген алтынмен қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы.

Осылайша, Қазақстанда толық функционалды цифрлық қаржының экожүйесін дамыту үшін практикалық база қалыптастырылды.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша 5 пилоттық жоба іске қосылды, олардың ауқымын кеңейту жұмыстары алдағы уақытта жалғасады, ал қалған жобаларды іске асыру 2026 жылға жоспарланған.

Реттеу ортасы аясындағы жобаларды іс жүзінде іске асыру бақыланатын ортада цифрлық активтерді шығаруға, сатып алуға, сатуға, аударуға және сақтауға мүмкіндік береді. Бұл цифрлық активтер негізіндегі қолжетімді, ашық және ыңғайлы құралдардың пайда болуы есебінен инвестициялық портфельдерді әртараптандыруға да ықпал етеді, сонымен қатар неғұрлым қарапайым әрі

икемді шарттармен қаржыландыруды тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді. Нәтижесінде цифрлық қаржы құралдарының неғұрлым ашық әрі қолжетімді нарығы қалыптасады.

Реттеу ортасы пилоттық жобаларын іске асырудың жинақталған нәтижелері цифрлық активтер индустриясын дамыту саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде ескерілді және саланы реттеуді одан әрі жетілдіру барысында пайдаланылатын болады.

4. ҚЫЗМЕТТІ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

4.1. Статистикалық қызмет

Ұлттық Банк деректерді тиімді басқару, деректер сапасын арттыру және статистикалық ақпаратты тарату құралдарын кеңейту үшін заманауи IT-шешімдерді белсенді түрде ендіреді. Сонымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес әдіснамалық базаны жаңарту бойынша жұмыс жалғасады.

Ұлттық Банктің 2025 – 2029 жылдарға арналған цифрландыру және деректерді басқару стратегиясын іске асыру шеңберінде Сыртқы контурмен өзара іс-қимылдың бірыңғай порталының тұжырымдамасы әзірленді. Онда деректерді қабылдау мен өңдеудің ұқсас технологиялық және әдіснамалық сегменттері бойынша деректер ағынын бөлу мен үлестіруге негізделген сыртқы субъектілерден мәліметтер мен ақпарат ағындарын құрудың бизнес-процестерін қалыптастыруға кешенді тәсіл ұсынылады. Бұл деректерді жинау мен өңдеудің ұқсас процестерін біріздендіруге және оңтайландыруға, респонденттерге түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға, сондай-ақ статистика, талдау және қадағалау мақсаттары үшін деректер сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Статистикалық деректерді Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында және Ашық деректер репозиторийінде жариялау, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға (ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК), ЭЫДҰ) және рейтингтік агенттіктерге ақпарат беру арқылы оларды тарату тұрақты негізде жүзеге асырылды.

Ақша-кредит статистикасы және қаржы секторының статистикасы. 2025 жылы Ұлттық Банктің интернет-ресурсында қаржы нарығының статистикасы бойынша талдамалық көрсеткіштерді жариялауды кеңейту жұмысы жалғасты, соның нәтижесінде несие қоржыны, банктік конгломераттар, сақтандыру секторы және коллекторлық агенттіктер бойынша 13 қосымша деректер жиынтығы жарияланды.

Қаржы нарығы субъектілерінің бірыңғай базасын дамыту шеңберінде статистика, талдау және қадағалау мақсаттары үшін деректерді жинаудың дата-орталықтандырылған форматтарын енгізу жалғасады. Бұл есептілікті дайындау және ұсыну процестерін оңтайландыруға, респонденттерге түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Агрегацияланған деректерден түйіршіктелген деректерге көшуге байланысты банктік шоттары (салымдары) бойынша жаңа есептілік – Депозиттік

тіркелім әзірленді. Бұл ретте жеке тұлғалар бойынша ақпарат олардың дербес деректерін ашпай ұсынылады, ал деректерді жинау ақпаратты қорғау және киберқауіпсіздік талаптарына толық сәйкестікте іске асырылды. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап есептіліктің жаңа форматын енгізу статистика мен талдау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жедел шешімдер қабылдау кезінде заманауи цифрлық шешімдерді дамыту, депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру мақсаттары үшін бірыңғай дереккөз ретінде банктік шоттар мен салымдар бойынша нақтыланған деректер базасын құруға бағытталған.

Ұлттық Банк статистика саласында ХВҚ, ЕАЭО ЕЭК және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымын (ЭЫДҰ) қоса алғанда, халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс істейді. ЭЫДҰ Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, Қазақстанның 2023 – 2025 жылдарға арналған Ұлттық статистикалық жүйесіне жүргізген шолудың қорытынды сессиясы аясында Ұлттық Банк қысқа мерзімді қаржылық статистика бойынша бөлімді таныстырды.

Бұдан бөлек Ұлттық Банк Макроэкономикалық статистиканы үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына қатысты. Аталған топ 2025 жылы макроэкономикалық статистика бөлімдерінің сәйкес келуіне қол жеткізу үшін мемлекеттік сектордың институционалдық бірліктерін секторлық жіктеудің бірыңғай тәсілдерін анықтау мақсатында оларға талдау жүргізді.

Сыртқы сектор статистикасы. 2025 жылы сыртқы сектор статистикасының сапасын және көрсеткіштерін болжауды жетілдіру бойынша жұмыс жалғасты. Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш деректерінің дәлдігі мен үйлесімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылды.

Статистикалық есептіліктің қолданыстағы нысандарына өзгерістер енгізілді, сондай-ақ ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін жаңа статистикалық нысандар әзірленді.

Сыртқы борыштың алдын ала бағалауын қалыптастыру және оны тұрақты жариялау есебінен елдің сыртқы сектордағы позицияларына неғұрлым уақтылы баға беру қамтамасыз етілді. ХВҚ миссиясымен өзара іс-қимыл қорытындысы бойынша мемлекеттің жанама бақылауындағы ұйымдардың сыртқы борышын бөліп көрсету арқылы мемлекеттік сектордың сыртқы борышын ұсыну аясы кеңейтілді.

Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы және таза ағыны бойынша көрсеткіштер, оның ішінде оларды «Астана» халықаралық қаржы орталығына қатысушылар бойынша салалар бөлінісінде егжей-тегжейлі көрсету жұмыстары жетілдірілді.

Бағдарлама жасау тілін қолдана отырып, портфельдік инвестициялар бойынша жиынтық деректерді қалыптастырудың негізгі кезеңдерін автоматтандыру жұмысы жүргізілді.

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш бойынша талдамалық басылым, сондай-ақ алдын ала және нақты статистикалық деректер тұрақты негізде жарияланып тұрады.

2025 жылы Ұлттық Банк сыртқы сектор статистикасын қалыптастыру және тарату саласында білім мен тәжірибе алмасуға бағытталған Корея Банкінің техникалық көмек бағдарламасы – Bank of Korea Knowledge Partnership Program бағдарламасына қатысты.

2025 жыл ішінде ХВҚ ұсынымдарына сәйкес ақша-кредит, қаржылық статистиканы және сыртқы сектор статистикасын жасаудың әдіснамалық тәсілдерін жетілдіру мақсатында ХВҚ, ЕЭК сарапшыларымен және шет елдердің орталық банктерімен өзара іс-қимыл жалғасты.

4.2. Халықаралық ынтымақтастық

2025 жылы Ұлттық Банк шетелдік әріптестер – орталық банктермен, халықаралық қаржы ұйымдарымен және өңірлік интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жалғастырды.

Ұлттық Банктің басшылығы Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тобының көктемгі және жыл сайынғы кездесулеріне (2025 жылғы сәуір, қазан), ХВҚ кеңесші органдарының отырыстарына, орталық банктермен және Кавказ, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Парсы шығанағы елдерінің қаржы реттеушілерімен алқалы пікірталастарға қатысты. Ұлттық Банк пен Халықаралық қайта құру және даму банкінің көктемгі кездесулері алаңында халықаралық тәжірибені, Дүниежүзілік банктің әдіснамасы мен талдамалық құралдарын зерделеуге, Ұлттық Банктің стратегиялық жобаларын қолдау мақсатында тәжірибе алмасуға жағдай жасалған Негіздемелік келісімге қол қойылды.

ХВҚ консультациялық миссияларды (мамыр, қараша) өткізді, олардың барысында Қазақстанның макроэкономикалық жағдайына, экономикалық саясаттың даму перспективаларына кешенді баға берілді. ХВҚ белсенді ішкі сұраныс пен экономиканың шикізаттық емес секторларының дамуына байланысты экономикалық өсудің тұрақты қарқынын атап өтті. ХВҚ ұсынымдары макроэкономикалық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді және халықаралық серіктестер мен инвесторлар үшін Қазақстанның орнықты экономикалық дамуға дайын екендігі туралы оң көзқарас қалыптастырады.

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің орталық банктері кеңесін құру туралы меморандумды іске асыру шеңберінде Астанада Ұлттық Банк Төрағасының жетекшілігімен Кеңестің инаугурациялық отырысы (мамыр) өтті, оның жұмысына ТМҰ-ға мүше – Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия орталық банктерінің басшылары, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттен шақырылған тұлға ретінде Венгрия Ұлттық банкінің өкілі және ТМҰ Бас хатшысы қатысты.

Ұлттық Банк басшылығы Валюталық саясат жөніндегі консультациялық кеңестің отырыстарына қатысты, олардың бірі Алматыда Ұлттық Банктің төрағалығымен өтті. Ұлттық Банк Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің ТМД кеңістігіндегі Өңірлік консультативтік топтың отырысына (шілде),

Орталық Азия елдерінің төлем жүйелерін дамыту мәселелері бойынша өңірлік кездесуге (қыркүйек) қатысты.

Ұлттық Банк ағымдағы экономикалық және қаржылық жағдайларды талқылау мақсатында Халықаралық есеп айырысу банкінің Жыл сайынғы жалпы жиналысына қатысты, сондай-ақ Халықаралық есеп айырысу банкінің Инновациялық хабының басшылығымен цифрлық қаржы активтерін дамыту мен реттеуді талқылады (маусым).

Ұлттық Банк Дүниежүзілік банктің, Еуропа қайта құру және даму банкінің, Азия даму банкінің, сондай-ақ шетелдік орталық банктер мен қаржы реттеушілердің (Армения, Беларусь, Мажарстан, Гонконг, Индонезия, Италия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Польша, РФ, АҚШ, Таиланд, Өзбекстан, Франция, Швейцария, ОАР, Оңтүстік Корея) басшылығымен бірқатар кездесулер өткізді. Ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан тарапы БАӨ-нің Орталық банкімен және БАӨ-нің Бағалы қағаздар және биржалық тауарлар басқармасымен Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасында Өзара түсіністік туралы меморандумдарға, сондай-ақ Корея Банкімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Ұлттық Банктің және Қытай халық банкінің Төрағасы орынбасарларының төрағалық етуімен екі елдің банктері, қаржы ұйымдары және мемлекеттік органдарының қатысуымен Қазақстан-Қытай Ынтымақтастық комитетінің Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі шағын комитетінің 13-ші отырысы (наурыз) өтті. Екіжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және Қытайдың Ұлттық қаржылық реттеу басқармасы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Ұлттық Банк шетелдік орталық банктермен және халықаралық қаржы ұйымдарымен ақша-кредит саясатын, болжау жүйесін жетілдіру, реттеуші құралдарды енгізу, статистиканы қалыптастыру, орталық банктердің қаржылық технологиялары мен цифрлық валюталарын дамыту бойынша сараптамалық диалогты және техникалық консультацияларды нығайтуды жалғастырды. Ұлттық Банк Әзербайжан, Беларусь, Түркия және Өзбекстанның орталық банктеріне техникалық көмек көрсетті, Грузия Ұлттық банкімен 2025-2026 жылдарға арналған екіжақты ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасы аясында іс-шаралар өткізді, сондай-ақ халықаралық шарттық-құқықтық базаны жаңарту бойынша жұмыс жүргізді.

Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру жұмысы

Ұлттық Банк халықаралық рейтингтік агенттіктермен консультацияларға ұдайы қатысып отырды, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік органдарының халықаралық рейтингтік агенттіктермен ведомствоаралық өзара іс-қимылын жүйелеу жөніндегі жұмысқа бастамашылық жасады. Бұл жұмыстың қорытындысы бойынша Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингі бойынша

болжамды S&P Global Ratings-тен «оң» деген жағдайға дейін жақсарды, ол инвестициялық тартымдылықтың өсуіне, қарыз алу құнының төмендеуіне және экономикаға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың төрағалық етуімен АҚШ-тың институционалдық инвесторларымен, сондай-ақ бизнес және қаржы секторының өкілдерімен Дөңгелек үстел шеңберінде кездесулер (қыркүйек) ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел және «C5+1» форматында өткен «Орталық Азия – АҚШ» саммиті (қараша) шеңберінде Cerberus Capital Management, Brookfield Asset Management және Ashmore Investment Advisors компанияларымен стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімдер, сондай-ақ Visa-мен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Шетелдік инвесторлар кеңесінің 37-ші жалпы отырысы (маусым) аясында Citigroup, JPMorgan, VEON LTD. компанияларымен кездесулер өткізілді. Ұлттық Банк ішкі нарыққа шетелдік инвестициялардың әкелінуін ұлғайту және инвесторлық базаны әртараптандыру мақсатында АҚШ-тағы «Investment Opportunities in Kazakhstan» (сәуір) Дөңгелек үстелінің ұйымдастырушысы және «Kazakhstan Capital Markets Day» KASE форумының (қараша) тең ұйымдастырушысы болды.

4.3. Зерттеу қызметі

Зерттеулер шешім қабылдау процесіне талдамалық қолдау көрсете отырып, Ұлттық Банк қызметінің ажырамас әрі негіз құраушы элементі болды. 2025 жылы Ұлттық Банк қызметкерлері бірқатар зерттеулер жүргізді, олардың кейбіреулері Ұлттық Банктің интернет-ресурсында және рецензияланатын академиялық журналдарда, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуында» мақала түрінде жарияланды.

Зерттеулердің тақырыбы ақша-кредит саясатының мәселелерін, оның ұзақ мерзімді стратегиясы мен қолданылатын құралдарын, сондай-ақ ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттардың өзара іс-қимылы мен үйлестіруін, қаржы нарығының дамуын, экономиканың нақты секторын, экономикалық көрсеткіштердің экономикалық конъюнктурадағы өзгерістерге реакциясын және экономикалық құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды бейнелейтін экономикалық процестерді модельдеуді қамтыды.

Ақша-кредит саясатына арналған мәселелер бойынша DSGE-моделі үшін параметрлерді бағалау жүргізілді, DSGE-модельдерін талдау және болжау жүйесіне енгізу тәжірибесі талданды, инфляцияның монетарлық және монетарлық емес факторлары, қабылданған инфляция мен инфляциялық күтулердің қалыптасу көздері зерттелді. Ақша-кредит саясатының құралдары – ең төменгі резервтік талаптар мен пайыздық мөлшерлеме зерттелді; ақша-кредит саясатының Қазақстандағы тұтынушылық әрекетке әсері бағаланды.

Макроэкономикалық үйлестіруді зерттеу шеңберінде шикізат секторы мен мемлекеттік қолдаудың экономикаға әсерін, фискалдық саясатты және оның

инфляция деңгейіне, сыртқы активтердің құрылымына, валюталық режимге әсерін бағалауға арналған зерттеулер жүргізілді, сондай-ақ фискалдық параметрлердің кеңейтілген блогы бар DSGE моделі құрылды. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы және Қазақстанның қаржы секторын дамыту мәселелері банктердің бөлшек портфелі, кредиттеудің детерминанттары мен шарттары, кредиттеудің секторлық құрылымы, зейнетақы жүйесі, мерзімге байланысты сыйлықақыны модельдеу зерттеулерінде көрініс тапты. Табиғи апаттардан сақтандырудың халықаралық тәжірибесі, астық қолхаттарын қолдану, төлемге қабілетсіз компаниялардың қызметі, валюта нарығындағы сауда стратегиялары зерттелді, микроқаржы сегментінің тәуекелдері және үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесінің микроқұрылымы талданды. Халықаралық стандарттарды және жүйелі маңызды қаржы институттарының тұрақтылығын реттеу мен қолдаудың шетелдік тәжірибесін зерделеу бойынша талдамалық жұмыстар жүргізілді.

Цифрландыру және жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ, AI) технологияларын дамыту жағдайында қолма-қол ақша айналысын талдауға және Қазақстанның қаржы секторында ЖИ құралдарын қолдануға арналған зерттеулердің өзектілігі артты.

Экономикалық даму факторларына, экономикалық агенттердің қаржылық жағдайына және Қазақстандағы өмір сапасына арналған бірқатар жұмыстар жарияланды. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану бағдарламасының тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы баға динамикасына әсері, сондай-ақ жаңа инвестициялар ағынының негізгі шектеулері зерттелді. Ұлттық Банктің коммуникациялар және ішкі корпоративтік мәдениет саласында зерттеулер жүргізілді.

Ұлттық Банк болжамдарды әзірлеу кезінде пайдаланатын модельдік техниканы жетілдіру шеңберінде «SSCIF» моделінің (инфляцияны қысқа мерзімді болжау жүйесі) әдіснамалық және есептеу компоненттері жетілдірілді, сондай-ақ соңғы пайдалану әдісімен ЖІӨ-ні және оның компоненттерін қысқа мерзімді болжау («KOMPAS» моделі) жетілдірілді.

2025 жылы Ұлттық Банк инфляция және ақша-кредит саясаты бойынша талдамалық материалдарды жариялауды жалғастырды, оның ішінде «Ақша-кредит саясаты туралы есеп», «Инфляциялық үрдістер», «Инфляциялық күтулер», «Өңірлердегі инфляциялық үрдістер» жарияланды. Нақты сектор кәсіпорындарына жүргізілген пікіртерімдер конъюнктуралық және салалық шолуларға негіз болды.

Ұлттық Банк «Жаһандық және ішкі күтпеген өзгерістер жағдайында монетарлық саясат және қаржылық тұрақтылық» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Іс-шараға академиялық қоғамдастық өкілдері, Ұлттық Банк, Өзбекстан мен Әзербайжанның орталық банктерінің талдаушылары, сондай-ақ экономика және қаржы саласындағы тәуелсіз сарапшылар қатысты. Конференция материалдары «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымының арнаулы

шығарылымында жарияланды. Сонымен қатар сараптамалық қоғамдастықпен сараптамалық-талдамалық клуб форматында өзара іс-қимыл жалғасуда. Жыл ішінде клубтың 3 отырысы өткізілді, отырыс кезінде академиялық топтарға, сарапшыларға және нарық өкілдеріне Қаржылық тұрақтылық туралы есеп және ақша-кредит саясаты мен қаржылық тұрақтылықтың өзекті мәселелеріне арналған бірқатар зерттеулер мен талдамалық материалдар таныстырылды және талқыланды.

Ұлттық Банктің қызметкерлері жыл бойы университеттер мен халықаралық ұйымдар ұйымдастырған ғылыми және практикалық конференцияларда спикер ретінде қатысты.

Ұлттық Банк қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізуге гранттар беру бойынша Ұлттық Банктің бағдарламасы шеңберінде 2025 жылы ЕАЭО шеңберінде интеграциялық процестердің Қазақстан экономикасының құрылымына әсерін зерделеуге және Қазақстанда жеке тұлғаларды кредиттеуге құқықтық талдау жүргізуге екі зерттеу гранты берілді.

Ұлттық Банк цифрлық валютаны ендіру мәселесін пысықтау мақсатында халықаралық тәжірибені, реттеуші және технологиялық аспектілерді, сондай-ақ цифрлық активтер мен цифрлық валютаны енгізудің ықтимал тәуекелдері мен әсерлерін зерделеу мақсатында цифрлық активтер саласында талдамалық жұмыстар жүргізу үшін халықаралық ұйымды шақырды.

Зейнетақы жинақтарының жеткілікті болуын бағалау және Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бағыттарын айқындау мақсатында халықаралық ұйыммен халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту және оны одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша зерттеу жүргізу туралы келісім жасалды.

Ұлттық Банк техникалық көмек аясында бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, ХВҚ-ның көмегімен ақша-кредит саясаты бойынша шешім қабылдаудың тиімділігін арттыруға бағытталған талдамалық мүмкіндіктерді нығайту және болжау құралдарын дамыту жалғасуда. Сонымен қатар ағымдағы құралдарды бағалауды және трансмиссия тетіктерін жетілдіруді қоса алғанда, ақша-кредит саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру жөнінде шаралар іске асырылуда. Сыртқы сектордың статистикасын жасау практикасын жетілдіру бөлігінде Корея Банкінен техникалық көмек алынды.

Ұлттық Банк шетелдік орталық банктердің орталық банктердегі зерттеу және талдау қызметін ұйымдастырудағы тәжірибесін, оның ішінде ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің институционалдық құрылымын, ғылыми зерттеулерді экономикалық саясатты әзірлеу процесіне интеграциялау тетіктерін, сондай-ақ академиялық қоғамдастықпен және ішкі құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл тәжірибесін зерделеуді жалғастырды.

4.4. Коммуникациялық саясат

2025 жыл ішінде Ұлттық Банк ашықтық пен транспаренттілік қағидаттарын ұстана отырып, коммуникацияның әртүрлі арналары арқылы

жалпы жұртшылықты, қаржы ұйымдарын, сараптамалық қоғамдастықты өзінің қызметі туралы хабардар ету жұмысын жалғастырды.

Есепті кезеңде медиа-жоспарлар шеңберінде әртүрлі форматтағы 300-ден астам ақпараттық материал, оның ішінде баспасөз релиздері мен ресми хабарлар, Ұлттық Банк басшылығының сұхбаттары жарияланды.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерін түсіндіру шеңберінде баспасөз релиздері мен Ұлттық Банк Төрағасының мәлімдемелері жарияланды. Сонымен қатар 2025 жылғы маусымнан бастап Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерлемесі бойынша шешімді талқылаудың түйіндемесі жарияланады. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған Ұлттық Банк басшылығының брифингтерімен сабақтасып отырды, олар гибридік форматта өткізіліп, Ұлттық Банктің Youtube-арнасында трансляция жасалды.

Жыл бойы Ұлттық Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын дамыту бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізілді. Жаңа форматтар мен «Ұлттық Банкке 100 сұрақ», «Миф және факт», «Экономикаға бір минут» айдарлары енгізілді.

Ұлттық Банктің кәсіби аудиториямен және сараптамалық қоғамдастықпен коммуникацияларын жақсарту мақсатында медиа және қаржы сарапшыларымен пікірталас кездесулер өткізілді.

Ұлттық Банк бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді өзара іс-қимылды жалғастырды: жыл ішінде Ұлттық Банктің баспасөз қызметіне қазақстандық және шетелдік медиадан 400-ден астам сұрату түсті, ресми түсініктемелер жазбаша нысанда да, бейне форматта да ұсынылды.

Ұлттық Банк барынша ашықтық пен транспаренттілікті қамтамасыз ету үшін коммуникациялар саласындағы транспаренттілік стандарттарын ұстану, елдің ақпараттық күн тәртібіне қатысу және қызметтің негізгі бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы жұртшылықты хабардар етуді жалғастырды.

5. ҰЛТТЫҚ БАНКТІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

5.1. Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымы және басқару органдары

Ұлттық Банктің құрылымы мен жалпы штат саны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген.

Жалпы штат саны 2 161 бірлік болып бекітілген.

2025 жылдың соңында Ұлттық Банктің құрылымында:

орталық аппараттың 24 бөлімшесі (23 департамент және 1 дербес басқарма);

Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігі;

20 аумақтық филиал және Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал);

2 ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорын (21-сурет) болды.

Цифрлық орталық банк құрудың басты басымдығы болып саналатын Цифрлық трансформация стратегиясына сәйкес Ұлттық Банктің ұйымдық цифрлық құрылымы ішінара трансформацияланды (жұмыс істеп тұрған цифрлық бөлімшелердің жалпы штат саны (2 161 бірлік) шегінде өзгертілді).


Банктер туралы жаңа заңға сәйкес Ұлттық Банкке цифрлық активтер нарығын және қаржы инфрақұрылымын дамыту және реттеу жөніндегі қосымша функциялар жүктелген, бұл Қазақстанның криптоиндустриясын тиімді дамыту үшін Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымын институционалдық қайта құру және күшейту қажеттігін негіздейді. Осыған байланысты Төлем жүйелері департаменті Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті болып қайта құрылды, бұл оның мандатының кеңейгенін және Қазақстандағы криптоиндустрияны қоса алғанда, цифрлық қаржы экожүйесін дамытуға стратегиялық тұрғыдан бағытталғанын көрсетеді.

Ұлттық Банктің органдары – Басқарма, Ақша-кредит саясаты комитеті және Директорлар кеңесі. Басқару органдарының өкілеттіктері «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» заңда және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған.

Ұлттық Банктің Басқармасы – ақша-кредит саясатының, қаржылық тұрақтылықтың және елдің қаржы жүйесінің жұмыс істеуінің стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын жоғары басқару органы. Басқарма құрамына 9 мүше кіреді, олар:

- Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы;
- Қазақстан Ұлттық Банкінің 4 лауазымды адамы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2 өкілі;
- қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі.

21-сурет. 2025 жылдың соңындағы Ұлттық Банктің құрылымы



Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті – ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын орган. Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті:

- 1) базалық мөлшерлемені белгілейді;
- 2) ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілейді;
- 3) Ұлттық Банк Басқармасының айрықша құзыретіне кірмейтін ақша-кредит саясатының өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Қазіргі таңда комитет құрамына:

- Ұлттық Банк Төрағасы;
- Ұлттық Банк Төрағасының ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін, сондай-ақ қаржы нарығын дамыту, қаржы реттеушімен өзара іс-қимыл және зерттеулер жүргізу бөлігінде қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары;
- ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық департаменттерінің директорлары кіреді;
- сондай-ақ төлем балансы департаментінің директоры, зерттеулер және талдама орталығының директоры Комитет мүшелері болып саналады.

Директорлар кеңесі – Ұлттық Банктің жедел басқару органы. Директорлар кеңесінің құрамына Ұлттық Банктің Төрағасы, оның орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіреді.

5.2. Адам капиталын дамыту

Ұлттық Банкте орталық банктің стратегиялық міндеттеріне табысты қол жеткізу үшін айқындаушы фактор ретінде қызметті тиімді жоспарлауға, тиімділігі жоғары адам капиталын қалыптастыруға, дамытуға және мансаптық ілгерілетуге бағытталған негізгі көрсеткіштер мен қызметкерлердің құзыреттерін бағалау жүйесі жұмыс істейді.

2025 жылы Ұлттық Банкке 184 адам, оның ішінде: мемлекеттік саяси лауазымға – 1, Ұлттық Банктің қызметшілері лауазымдарына – 117 (оның ішінде Президенттік жастар кадр резервінің 1 резервшісі, шетелдік білімі бар – 19, доктор PhD – 1, ғылым магистрі – 16, Ұлттық Банктің гранты бойынша оқыған – 22 магистратура түлегі), сондай-ақ техникалық қызметшілерге – 66 адам қабылданды.

Ұлттық Банк қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігін нығайту арқылы ESG әлеуметтік бағытын іске асыруды:

- қызметтің тиімділігін бағалауды қолдана отырып, Ұлттық Банктің стратегиялық міндеттерге қол жеткізуі;

- еңбек жағдайларын, қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ қызметкерлердің әл-ауқат индексі (Well-Being) негізінде қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру;

- гендерлік теңдікті қолдау (жалпы құрамдағы әйелдердің үлесі – 58%) және әйелдердің басшылыққа (47%), оның ішінде саяси басшылыққа (1 қызметкер) ұсынылуының барынша жоғары болуы, сондай-ақ әртүрлі буындағы қызметкерлердің болуы (орташа жас – 42 жас);

- персоналдың құлшына қатысуын, қанағаттануын және бейімділігін зерттеу арқылы ішкі процестерді жетілдіру;

- персоналдың тұрақтамау себептерін талдау және институционалдық сабақтастықты нығайту арқылы ықпалдастырады. Персоналдың тұрақтамау деңгейі – 5,3%.

Ұлттық Банк, мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары үшін кәсіби кадрларды даярлау бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Магистратура бағдарламалары бойынша оқуға: жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық шеңберінде 19 грант бөлінді (Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті және Нархоз университеті); Astana IT University-ге (MBA) 17 қызметкер, Назарбаев Университетіне (EMBA) 2 қызметкер, Asia School of Business-ке (MSB) 1 қызметкер және Coventry Kazakhstan-ға (MBA) 1 қызметкер жіберілді.

Онлайн-семинарларды қоса алғанда, оқығандар саны 1 945 болды, оның ішінде: 1 237 – Қазақстанда (оның ішінде Ұлттық Банк базасында); 708 – шетелдік тренингтерде оқыды.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің құзыреттеріне бағалау жүргізілді, олардың даму бағыттары айқындалды, қызметкерлердің негізгі құзыреттері мен кәсіби дағдыларын жетілдіру бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

5.3. Ұлттық Банктің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар инфрақұрылымын цифрландыру, жасанды интеллектіні ендіру және дамыту

2024 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп жоғарғы деңгейлі Қаржы нарығындағы реттеушілердің 2025 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформациялау стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия), сондай-ақ ішкі Ұлттық Банктің 2025 – 2029 жылдарға арналған цифрландыру және деректерді басқару стратегиясын (бұдан әрі – Ұлттық Банктің цифрландыру стратегиясы) бекітті.

Стратегияларда негізгі мақсаттар айқындалған: орнықты ұлттық цифрлық қаржы экосистемін қалыптастыру, технологиялық реттеушіні дамыту, деректерді басқарудың қазіргі заманғы инфрақұрылымын құру, технологиялық платформалар мен АКТ-инфрақұрылымын дамыту. 2025 жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңде іске асырылуы көзделген Стратегияның іс-шаралары толық көлемде орындалды. 2025 жылы Ұлттық Банктің цифрландыру стратегиясын іске асыру шеңберінде 9 портфельден тұратын 47 жоба іске асырылды.

Ұлттық Банктің технологиялық ландшафты айтарлықтай жаңғыртылды, меншікті деректерді өңдеу орталықтарын құруға дейін транзиттік кезеңге сервистерді резервтеу қамтамасыз етілді, сондай-ақ интеграциялық контур жаңартылды және бірқатар операциялық процестер автоматтандырылды.

Ұлттық Банкте деректер типологияларын (страталарды) бөлу негізінде сыртқы субъектілерден мәліметтер мен ақпарат ағындарын құру жөніндегі бизнес-процестерді қалыптастыруға арналған жаңа бірыңғай тұжырымдамалық кешенді тәсілді көздейтін Сыртқы контурмен өзара іс-қимылдың бірыңғай порталын (СКБП) әзірлеу басталды, оның негізін деректерді қабылдау мен өңдеудің ұқсас технологиялық және әдіснамалық сегменттері бойынша деректер ағынын бөлу мен тарату құрайды. Бұл деректерді жинау мен өңдеудің әрбір ұқсас процестерін біріздендіруге және оңтайландыруға, респонденттерге әкімшілік жүктемені төмендетуге және қадағалау, статистика және талдау үшін деректердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржы нарығының деректерін өңдеу және талдау үшін талдамалық платформа – Деректердің фабрикасы пайдалануға берілді, ол талдаманы дайындауды 80%-ға дейін жеделдетті.

2025 жылы AI-сервистерге және агенттерге орталықтандырылған қолжетімділікті қамтамасыз ететін Ұлттық Банктің корпоративтік AI-платформасы әзірленді. AI-шешімдерді ендіруді қолдау мақсатында жергілікті GPU-кластер іске қосылды. Платформа базасында автоматты аударма, цифрлық HR-көмекші, аудио- және бейнежазбаларды мәтінге айналдыруды қоса алғанда, бірқатар пилоттық AI-шешімдер іске асырылды. Бұдан басқа, есепті

жылы Ұлттық Банкте ЖИ қолданудың тұрақты, қауіпсіз және басқарылатын жүйесін қалыптастыруға бағытталған ЖИ дамыту тұжырымдамасы әзірленді.

API-интерфейстерді пайдалануды қоса алғанда, деректерді машинамен оқылатын және құрылымдалған түрде ұсынудың қазіргі заманғы платформасын қалыптастыруға бағдарланған «Ашық деректер репозиторийі» жобасын (бұдан әрі – Репозиторий) дамыту жұмыстары жалғасты. Репозиторийде Ұлттық Банктің ресми сайтында орналастырылатын көрсеткіштер толық (100%) қамтылды.

5.4. Деректерді қорғауды және корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Ұлттық Банкте цифрлық инфрақұрылымның киберорнықтылығын және өңделетін деректердің проактивті қорғалуын арттыруға бағытталған ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі құрылды және үздіксіз жетілдірілуде.

2025 жылы Ұлттық Банкте ақпараттандыру объектілерінің жұмысында залалға немесе іркілістерге әкеп соқтырған корпоративтік қауіпсіздік және терроризмге қарсы қорғау саласында оқыс оқиғалар болмады.

Жыл бойы Ұлттық Банк халықтың кибералаяқтық саласындағы хабардарлығын арттыру жөніндегі кешенді жұмысты жоспарлы түрде жүргізді. БАҚ-та және ресми ресурстарда интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша 13 ақпараттық хабарлама және 11 бейнеролик жарияланды, сондай-ақ ведомствоаралық ынтымақтастық шеңберінде алаяқтық белгілері бар цифрлық ресурстар бұғатталды.

Халықаралық байланыстарды нығайту мақсатында Ұлттық Банк өкілдері Иннополис Университеті базасында өткен «Еуразия – 2025» трансшекаралық кибер оқу-жаттығуларына қатысып, біліктіліктің, кәсібиліктің және үйлесімді командалық жұмыстың жоғары деңгейін көрсетті.

2025 жылы ЕАЭО орталық банктерінің өкілдері үшін Ұлттық Банкте тәжірибе алмасу және кәсіби білімдерін жетілдіру үшін корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында семинар ұйымдастырылып, өткізілді.

«Central Asia Fintech Summit 2025» форумы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелер мен трендтерді талқылау мақсатында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор өкілдерінің қатысуымен «Жаһандық цифрлық трансформация дәуіріндегі киберқауіпсіздік» панельдік сессиясы өткізілді.

Киберқауіпсіздік саласындағы коммуникацияларды жақсарту мақсатында ынтымақтастықты кеңейту және саланы дамыту перспективаларын талқылау мәселелері бойынша шет елдердің орталық банктерінің өкілдерімен сараптама деңгейінде тұрақты түрде кездесулер өтті.

Ұлттық Банктің мүдделерін тікелей қозғайтын азаматтық қорғау саласындағы 10 нормативтік құқықтық актінің жобасын келісу және ұсыныстар енгізу үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жүргізілді.

5.5. Операциялық тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау

2025 жылы Ұлттық Банк операциялық тұрақтылықты нығайтуға, деректердің қорғалу деңгейін арттыруға және ішкі бақылау мен комплаенс жүйесін дамытуға бағытталған шаралар кешенін іске асырды.

Операциялық тәуекелдерді басқару шеңберінде негізгі бизнес-процестер бойынша тәуекелдерді ауқымды түрде қайта бағалау жүргізілді. Бұл жұмыс процестерді егжей-тегжейлі картаға түсіруді, олардың иелерімен құрылымдалған сұхбаттар жүргізуді, сондай-ақ ішкі аудит нәтижелерін есепке алуды қамтыды. Қорытындылар бойынша операциялық тәуекелдер картасы жаңартылды, сыни жағдайының дәрежесі бойынша бизнес-процестерге басымдық берілді және нақты ден қою шараларын әзірлей отырып, жоғары тәуекел аймақтары айқындалды. Бұл тәуекел бейінінің ашықтығын арттыруды және қызметтің неғұрлым маңызды бағыттары бойынша алдын ала бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді.

Жария етілмейтін деректерді қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Еншілес ұйымдарда деректерді өңдеудің бүкіл қолданыс кезеңін қамтыған жасырын ақпаратты басқару жүйелеріне жинау мен жіктеуден бастап сақтау, пайдалану және жоюға дейін кешенді талдау жүргізілді. Ақпараттық жүйелердің архитектурасы, ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандарттарын сақтау және қолжетімділікті шектеу тетіктерінің тиімділігі талданды. Қызметкерлердің лауазымдық функцияларына сәйкестігі бойынша қол жеткізу құқықтарына қосымша аудит жүргізілді. Нәтижелері бойынша деректердің қорғалуының ағымдағы деңгейін кешенді бағалау қалыптастырылды және таралып кету және рұқсатсыз қол жеткізу тәуекелдерін төмендетуге бағытталған, жария етілмейтін ақпаратты басқару стандарттарын үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында Деректерді өңдеу орталығына сыни іркіліс сценарийін модельдеу арқылы стресс-тестілеу жүргізілді. Резервтік қуаттарға автоматты қайта қосу тетіктері, деректер репликациясының жүйелері және персоналдың үздіксіз жұмыс істеуді және авариялық қалпына келтіруді қамтамасыз ету жоспарларын іске асыруға дайындығы тексерілді. Әрбір сындарлы ақпараттық жүйе үшін қалпына келтіру уақытының нысаналы көрсеткіштеріне (RTO) және деректердің жол берілетін жоғалу деңгейіне (RPO) қол жеткізілгені расталды. Анықталған олқы тұстар жойылды, бұл инфрақұрылымды қалпына келтіру жылдамдығын және IT-ортаның штаттан тыс жағдайларға тұрақтылығын арттырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және азайту мақсатында жекелеген бөлімшелерге ішкі талдау жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша бақылау рәсімдерін күшейту бойынша атаулы ұсыныстар берілді. Адал ниет мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасты: қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен мінез-құлық стандарттарының талаптары туралы жүйелі түрде хабардар етілді. Әдеп бұзушылықтары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары және мүдделер қайшылығы туралы хабарлар үшін кері

байланыс арналарының (anticorruption@nationalbank.kz электрондық поштасы және сенім телефоны: +7 717 277 56 37) жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Есепті жылы осы арналар бойынша қызметкерлерге қатысты жолданым түскен жоқ.

2025 жылы бейінді порталда сатып алу рәсімдеріне тұрақты мониторинг жүзеге асырылды, бұл сатып алу қызметінің ашықтығын арттыруға және бұзушылықтардың әлеуетті тәуекелдерін уақтылы анықтауға ықпал етті. Қызметкерлерге кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсетілді, сонымен бірге қорғалатын ақпараттың таралып кету тәуекелдерін азайтудың ішкі тетіктері жетілдірілді. Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау шеңберінде жекелеген аумақтық филиалдарда тексерістер жүргізілді, олардың қорытындысы бойынша тәжірибелерді біріздендіру және қызмет көрсету стандарттарын арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Жалпы алғанда іске асырылған шаралар операциялық орнықтылықты айтарлықтай нығайтуға, деректердің қорғалу деңгейін арттыруға және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

5.6. Ішкі аудит

2025 жылы Ұлттық Банкте 2025 – 2027 жылдарға арналған орта мерзімді жоспар шеңберінде аудиторлық тексерулердің үш жылдық циклін іске асыру басталды, 2025 жылға арналған тексерулер жоспары толық көлемде іске асырылды.

Ішкі аудиттің ұсынымдары операциялық тиімділікті, ішкі бақылау жүйесінің жетілуін арттыруға және Ұлттық Банкте тәуекелдерді басқаруды жетілдіруге ықпал етті.

Қызметте тәуекелге бағдарланған тәсілді сақтай отырып, Ұлттық Банктің цифрлық трансформациясы жағдайында ішкі аудитті одан әрі дамыту және оны орталық банк моделі және цифрландыру саласындағы көшбасшы ретінде қалыптастыру үшін негіз қаланды.

Ішкі аудит цифрлық жүйелердің тиімділігі мен белгіленген стандарттарға сәйкестігін бағалауға, киберқауіпсіздікті бақылауға, деректердің тұтастығын қамтамасыз етуге және цифрлық инфрақұрылымды дамытуға назар аударды. Сонымен бірге, деректерді басқаруды дамытуды, озық IT-шешімдерді ендіруді және қосымшалар архитектурасын жаңғыртуды қоса алғанда, жаңа бизнес-модельдерге бейімделуде және цифрлық трансформация жобаларын іске асыруда бөлімшелерге көрсетілетін көмек күшейтілді.

Консультациялық қызмет шеңберінде стратегиялық консультант ретінде ішкі аудит рөлін трансформациялау басталды, Ұлттық Банктің бизнес-процестеріне тәуелсіз сараптамалық қолдау көрсетілді.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит және корпоративтік басқару институтының тиімділігін арттыру бойынша, оның ішінде синергетикалық аудиттер, сондай-ақ ЭЫДҰ және ЕАЭО елдерінің орталық

банктерінің сарапшыларын тарта отырып, ішкі аудитті IT-трансформациялау, ақпараттық қауіпсіздік аудиті және ішкі аудиттің жаңа Халықаралық стандарттарын ендіру мәселелері бойынша жыл сайынғы семинар арқылы жүйелі жұмыс жалғасуда.

ЕАЭО елдерінің орталық банктері үшін HR-аудиттің қазіргі заманғы тәсілдері мен құралдарына, оның ішінде автоматтандыру мен ЖИ-ді қолдануға арналған HR-процестер аудиті мәселелері бойынша оқыту өткізілді.

Халықаралық кәсіби ынтымақтастық шеңберінде Ұлттық Банктің ішкі аудиторлары Қырғыз Республикасында өткен ЕАЭО орталық банктерінің аудиті жөніндегі консультативтік кеңестің 13-ші отырысына, сондай-ақ Біріккен Вена институтының іс-шарасына қатысты.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ГЛОССАРИЙІ

- АКТ-инфрақұрылымы — ақпараттық-коммуникациялық технологиялар инфрақұрылымы
- АҚ — акционерлік қоғам
- АҚШ — Америка Құрама Штаттары
- БАӘ — Біріккен Араб Әмірліктері
- БАҚ — бұқаралық ақпарат құралы
- Банктер — екінші деңгейдегі банктер
- БЖЗҚ — Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
- б.т. — базистік тармақ (1 б.т. = 0,01 пайыздық тармақ)
- ДБ — Дүниежүзілік банк
- ЕАТ — Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ
- ЕАЭО — Еуразиялық экономикалық одақ
- ЕҚДБ — Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
- ЖИ, AI — жасанды интеллект
- ЖІӨ — жалпы ішкі өнім
- ОАР — Оңтүстік Африка Республикасы
- РФ — Ресей Федерациясы
- СКБП — Сыртқы контурмен өзара іс-қимылдың бірыңғай порталы
- ТМД — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- ТМҰ — Түркі мемлекеттері ұйымы
- Ұлттық Банк — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- Ұлттық қор — Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
- ФРЖ — АҚШ Федералды резервтік жүйесі
- ХВҚ — Халықаралық валюта қоры
- ХҚДБ — Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі
- ЭЫДҰ — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
- AI-агенттер — жасанды интеллект агенттері
- AI-платформа — жасанды интеллект платформасы
- AI-сервистер — жасанды интеллект сервистері
- AI-шешімдер — жасанды интеллект базасындағы шешімдер
- API — қосымшаларды бағдарламалау интерфейсі (Application Programming Interface)
- API-интерфейстер — қолданбалы бағдарламалау интерфейстері (Application Programming Interface)
- IT-орта — ақпараттық-технологиялық орта
- GPU-кластер — графикалық процессорлар кластері (Graphics Processing Unit cluster)
- HR — персоналды басқару
- KASE — «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы